



Алақөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№45 (8080) 04. 11. 2023.
Сенбі / Суббота

Жеке қабылдау өтті



Аудан әкімі А.Абдинов тұрғындардың жеке мәселесі бойынша кезекті қабылдауын өткізді.

Жиынға Үшарал қаласының әкімі М.Сайдильдинов, аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар

көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекция

бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы Қ.Мұхаметқалиев, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы А.Садирбекова, аудандық мансап орталығының бөлім басшысы Р.Асқарбекова қатысты.

Жеке қабылдауға келген көпшіліктің сұрауы – баспана мәселесі. Бұл сұрақ бойынша келген алақөлдіктерге аудан әкімі А.Абдинов жыл соңында 60 пәтерлі үйдің кілтін табыстайтынын және ол тек электрондық база бойынша тізімде тұрған адамдарға ұсынылатынын айтып өтті. Сонымен қатар шабындық пен егістік жер, жеке құжаттар және АӘК алу өтініштері туралы сауалдар қойылды. Ұсыныстар мен сұрақтарға өңір басшысы тұщымды жауаптар қайтарып, көтерілген мәселелерді тиісті мамандарға жүктеді.

Ж.ЖУМАНГАЛИЕВА.

Ж.СЕРІКҚЫНҚЫЗЫ.

Ж.ЖУМАНГАЛИЕВА.

Ж.СЕРІКҚЫНҚЫЗЫ.

Ж.ЖУМАНГАЛИЕВА.

Ж.СЕРІКҚЫНҚЫЗЫ.

Ж.ЖУМАНГАЛИЕВА.

Ж.СЕРІКҚЫНҚЫЗЫ.

Ж.ЖУМАНГАЛИЕВА.

Ж.СЕРІКҚЫНҚЫЗЫ.

айдың көрсеткіші жайлы баяндама оқыды. Әрмен қарай мінберге қала әкімі М.Сайдильдинов, ауыл шаруашылығының басшысы Қ.Ақжолтайұлы, «Алақөл жылу» басшысы Б.Смайлханов, «Алақөл су» басшысы М.Төлегенов, аудандық білім бөлімінің басшысы Ә.Ибраимов, аудандық орталық аурухана директоры А.Бутабаев және округ әкімдері жасалған жұмыстары бойынша есеп беріп, алдағы тоқсанда атқарылу тиіс жоспарлармен бөлісті.

Өңір басшысы А.Абдинов баяндамашыларға сын-ескертпелер айтып, тиісті жұмыстарды атқаруды міндеттеді. Сонымен қатар 2023 жылдың басынан бері қандай жаңалықтар болғаны жөнінде тілге тиек етті. Сондай-ақ жыл соңына дейін жасалу керек дүниелерді түртіп өтті.

Ж.СЕРІКҚАНҚЫЗЫ.



Кезекте – есеп беру

Жуырда ауданның 2023 жылдың III – тоқсанындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және IV тоқсанға арналған міндеттері туралы кезекті мәжіліс өтті.

Шараға округ әкімдері, аудандық мәслихат депутаттары, мекеме және құқық қорғау органдарының, аудандық бөлім басшылары қатысты.

Сөз аудан әкімінің орынбасары Д.Қанағатовқа беріліп, 9

Халықпен жүздесуде



Аудан әкімі А.Абдинов өңіріміздің әр ауылдық округін аралап, халық алында есеп беру жиындарын өткізуде. Аталған шараларда ауданның әлеуметтік-экономикалық даму динамикасы мен тиісті ауылдардың хал-ахуалы баяндалуда.

Ынталы ауылдық округі

Өңір басшысы Ынталы ауылдық округінің тұрғындарымен кездесіп, 2023 жылдың 9 ай көрсеткіші бойынша ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы барысында атқарылған жұмыстарды қорытындылады. Жиын барысында ауыл



тұрғындары тарапынан бірнеше өзекті мәселелер көтерілді. Атап айтсақ, жақында салынған блокті-модульдік медициналық пунктін электр жарығы мен жылу жүйесін іске

қосу, Ынталы орта мектебіне жөндеу жұмыстарын жүргізу, жайылымдық жер тапшылығы және соя бағасының қымбаттауы туралы айтылды. Аталған мәселелерді аудан әкімі назарға ала отырып, өтініштерді тиісті мамандарға жүктеді.

Сондай-ақ, аудан әкімі ауыл тұрғындарының жеке мәселесі бойынша қабылдау өткізді. Қабылдауда жайылымдық жер қажеттілігі, баспана кезегі, Ынталы орта мектебінің құрылысы, көмір тасымалдау бағасының қымбаттауы және

егістік жер тапшылығы бойынша өтініштер айтылды. Өңір басшысы барлық қаралған өтініштерді түртіп алып, жоспар бойынша Заңға сәйкес шара қолданатынын жеткізді.

Жағатал ауылдық округі

Аудан әкімінің кезекті кездесу Жағатал ауылдық округінің тұрғындарымен жалғасты.

Кездесуде ағымдағы жылдың 9 ай көрсеткіші бойынша атқарылған біршама жұмыстармен ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына тоқталып өтті. Жиынға аудандық бөлім, мекеме басшылары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері қатысты.

Ауыл тұрғындары тарапынан көтерілген Қазақстан ауылындағы І.Жансүгіров көшесін екі көлік қатынауына тар болуына байланысты бір жақты көлік қатынайтын жол етіп жасау туралы өтініш айтылып, аудан әкімі ауыл тұрғындарымен ақылдасып Заңға сәйкес тиісті шара қолданатынын жеткізді.

Сондай-ақ, қант қызылшасын егуге арналған егістік жер қажеттілігі мен баспана мәселесі бойынша өтініштер айтылды. Бұл сауалдар бойынша тұрғын үй кезекпен берілетінін айтып, ауылға қарасты егістік жер болған жағдайда конкурс жарияланатынын ескертті.

Ж.ЖУМАНГАЛИЕВА.

Ж.СЕРІКҚЫНҚЫЗЫ.

Жемқорлықпен күресте әрбір азаматтың үлесі маңызды



Соңғы жылдары Әділетті қоғам құруға, заңның үстемдігін орнықтыруға, тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған ауқымды реформалар қолға алынып, оларды жүзеге асырудың құқықтық механизмдері іске асырыла бастады. Жаңа сипатқа ие болған стратегиялық мақсаттар мен жоспарлар бұрынғыдай алыс болшақты болжамай, халықтың қазіргі тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталып отыр. Мемлекеттік жүйедегі түбегейлі өзгерістер билік өкілдеріне есеп үшін емес, ел үшін еңбек етудің, ал азаматтарға мемлекеттік басқару ісіне тікелей қатысудың маңыздылығын ұғындыруда.

Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың II отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі» екеніне баса назар аударды. Расында жаңа қоғам өздігінен пайда болмайды, ол үшін алдымен азаматтардың ой-санасы жаңғыруы керек. Ел алдындағы міндет пен парыз, жауапкершілік пен жанашырлық, адалдық пен ар-ұят ұғымдарының салмағын шынайы сезінетін адамдармен ғана реформалар нәтижелі болатынын әркім түсінуі тиіс.

Осы орайда сыбайлас жемқорлықтың белең алуы қоғамның ілгерілеуін, мемлекеттің дамуын тежейтін зиянды дерт болып отыр. Ол пара беру, пара алу, қызметін асыра пайдалану, халық мүддесінен бас пайдасын артық көру, өзіне сеніп тапсырылған мемлекет мүлкін талан-таражға салу түрінде көрініс беруде. Өткен жылы Талдықорған қаласының білім саласында, коттедж қалашығының құрылысында орын алған ірі көлемдегі жемқорлық фактілері қоғамда біраз дүмпү туғызды. Дегенмен жекелеген салаларда ғана емес, экономиканың қай секторында болсын біз жемқорлықпен күресті күшейтіп, бүкіл мемлекеттік орган ортақ іске жұмыла кірісуіміз керек.

Президент сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтардың бірі екенін үнемі айтып келеді. Бұл ретте облыста Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға

арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес тиісті шаралар атқарылуда.

Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылып, жоспарға сай тоқсан сайын комиссия отырыстары өткізіледі. Мәселен, биылғы 9 айдағы үш жиында 8 өзекті мәселе қаралды. Жер қатынастары, құрылыс, соның ішінде тұрғын үй құрылысы, автомобиль жолдарын салу, денсаулық сақтау сияқты бірқатар салаларда жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының атқарылу барысы талқыланды. Сол сияқты басқа да өзекті мәселелерге қатысты хаттамалық шешімдер қабылданып, тиісті мемлекеттік органдарға орындауға жіберілді.

Қазір мемлекеттік аппаратта жобалық басқару қағидаттарын енгізуді жалғастыруға баса назар аударылуда. Осы ретте қағидаға сәйкес әрбір мемлекеттік органда алты топ бойынша мемлекеттік басқару жүйесін тұрақты жетілдіруге бағытталған үлгілік базалық бағыт қолға алынған. Соның ішіндегі «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытының аясында жергілікті жерлерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат белсенді іске асырылып келеді. Мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау тұрақты жүргізіледі. Мысалы, осы жылдың 9 айындағы қорытынды бойынша 46 мемлекеттік мекеме мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне талдау жүргізілді. Талдау барысында 66 тәуекел анықталып, оларды жоюға бағытталған іс-шаралар қолға алынды.

Жемқорлықпен күресте оның алдын алудың рөлі зор. Заңсыздықты тудыратын алғышарттарды, жағдайларды болдырмау, жемқорлық тәуекелдеріне талдау жасау, мүдделер қақтығысын анықтау, жемқорлыққа қарсы саясатты түсіндіру өте маңызды. Осы орайда әрбір мемлекеттік қызметшінің жемқорлықпен күрес менеджментін меңгеруінің тиімділігін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Сондықтан облыстың 62 мемлекеттік қызметшісі осы тақырыптар төңірегінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында біліктілігін арттырды. Сыбайлас жемқорлық профилактикасына Әдеп жөніндегі уәкіл де атсалысып келеді. Өйткені әрбір мемлекеттік қызметшінің адалдығы мен әділдігі, өз міндетіне деген жауапкершілігі – мемлекеттік қызметшінің әдебінің бір парасы. Бұл ретте түсіндіру-оқыту шараларына үнемі баса назар аударуымыз керек.

Жемқорлық – бір мекемеге, бір салаға, не бір аймаққа ғана емес, бүкіл мемлекеттік құрылымға, тіпті тұтас әлем экономикасына зиянын тигізетін қауіпті қылмыс. Сыбайлас жемқорлықпен күрес стратегиясын іске асыруда оның кез келген белгі-көрінісіне мүлдем төзбеушілік қағидаты үстемдік құруы керек. Оған тек қоғамдық бақылауды күшейту, азаматтардың қоғам өміріндегі белсенділігін арттыру арқылы қол жеткізе аламыз. Сондықтан бұл ортақ іске әрбір азаматтың атсалысуы маңызды.

Әрине, сыбайлас жемқорлықпен күрестің құқықтық механизмін құрудың тиімділігіне талас жоқ. Жаза да – тәрбиенің түрі. Десе те өзгеріс ең алдымен санада жүреді. Бұл ретте аманат пен қиянаттың, ар мен арсыздықтың, ынсап пен ысыраптың, обал мен сауаптың арасалмағын ұғындырудың артықшылығы да даусыз. Ол үшін бірінші кезекте тарихи сананы жаңғыртып, хакім Абайдың: «Әділет – барша ізгіліктің анасы» дейтініне, Шәкәрімнің: «Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім» деген пәлсапасына үңілсек керек. Шәкәрімнің Ар ілімі – адамшылық өлшемі, кемелдену кеңістігі, рухани тазалықтың жиынтық ұғымы. Біздің бүгінгі қоғамға анық керек категориялар. Ортақ мақсат-мүдде төңірегінде ұйыса білетін ұлттық сана мен елінің ертеңі үшін қарекет қажетін пайымдай алатын азаматтық ұстаным қалыптасса, бұл бүгінгі біздің қоғамның ортақ, маңызды ілгері қадамы болар еді.

Бейбіт ИСАБАЕВ,
Жетісу облысының әкімі.

Еске алу



Арда азамат еді

Тағдыр тылсымның жазғанына қарсы қояр шамамыз бар ма? Қапыда қазанаттың ері ауып, азаматтың жер қойнауына тапсырылған сәттеріне талай куә болдық. Бұл өзгертуге келмейтін, ырқын бермейтін жазмыштың қағидалары.

Тоқсан жылдық тұғырлы тарихы бар айдынды да айбынды Алакөлдің ақпарат саласына тың идеялар алып келіп, түрлендірген тұлғалар жетерлік. Солардың қатарында 40 жылдай өмірін «Алакөл» газетіне арнаған атпал тұлға, ҚР Журналистер одағының мүшесі, журналистика саланың қайраткері атағының иесі, қарымды қаламгер Азат Мәкетайұлының орны бөлек.

Халықтың ой елегінде екселіп, ортақ пікір-қазанында қайнаған дүниелерді көтеріп, елдің мүддесі үшін қалам қисайтқан ағамыздың қапыда өмірден өткеніне де бір жыл толды.

Амал қанша, арамызда ақылын қосып, арда мінезімен, ағадал көңілімен, атпал азаматтығымен сыйлы-құрметті болған тұлға қазір мәңгілік мекеніне аттанып кетті. Жастайынан қолына қалам ұстап, халықтың баласы бола білген журналист, аудан мен облыс көлеміндегі оңды дүниелердің басы-қасында жүрген қоғам белсендісі, ақпарат саласында алты нарға жүк болар алпауыт жұмыстардың басын қайырған азамат, бүтіндей бір әулеттің бәйтерегі болған әке, немерелердің сүйікті атасы қазір мәңгілік мекенінде.

Тегінде, мінсіз шығарма жазу оңай, алайда өміріңді мінсіз шығармаға айналдыру қиынның қиыны. Бұл ретте Азат Мәкетайұлының ғұмыры мінсіздікпен өрілді деуге толықтай құқығымыз бар.

1959 жылдың 24-ші қыркүйегінде дүние есігін ашып, 1981 жылы Киров атындағы мемлекеттік университетінің журналистика мамандығын аяқтап шығады. Сөйтіп қолына дипломын алған жас маман аудандық «Жаңа өмір» газетіне хат бөлімінің меңгерушісі ретінде алғашқы еңбек жолын бастайды. Араға екі жыл салғанда табандылығы мен ұқыптылығының, қызметіне деген адалдығының арқасында бас редактордың

орынбасары лауазымына орналасады. 1984-86 жылдары Отан алдындағы борышын өтеп келіп, қайтадан осы газеттің хат бөлімінің меңгерушісі, арада бірер ай өткенде бас редактор лауазымына отырады. 1995-96 жылдары өңірімізде тұғырын көтерген «Толқын» телестудиясының директоры, 1996 жылдан өмірінің соңына дейін «Алакөл» аудандық газетінің бас редакторы болды.

Еңбек жолында өзінің біліктілігі мен білімінің арқасында Алакөл ауданының Құрметті азаматы атанды, облыс әкімінің Құрмет грамотасын, Қазақ журналистикасының қайраткері, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20-25 жылдығы мерейтойлық медальдарын кеудесіне тақты, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі атанды.

Бұдан бөлек сөреде толған марапат, дипломдарында да есеп жоқ. Аудан әкімінің «Ақпарат саласының үздігі» аталымын алуы да еңбегінің жемісі деп білеміз.

Аудан журналистерінің көшін бастап, тізгінін мықтап ұстағанының арқасында ұжымы да талай жетістіктің биігінен көрінді, өсті, өнді, қанаттарын кеңінен жайды.

Алыс-жақынға құрметті, қоғамға сыйлы, қызметінде абыройлы, әулетінде сүйікті болған ағамыздың жатқан жері жайлы болып, жер-төсегі жанбасына батпасын деген дұғадамыз. Жаратқан жаппар иеміз жұмақтан орын еншілеп, пейіш төрінде шалқысын.

Арамыздан кетсе де ағамыздың жылы бейнесі, ұлағатты сөздері, бізге деген демеуі ешқашан жадымыздан шықпақ емес.

Редакция алқасы.

Мен өмірді таңдаймын...

«Мен өмірді таңдаймын!» Дәл осы ұранмен аудандық прокуратура мен полиция бөлімінің ұйытқы болуымен жастардың арасында есірткі мен нашақорлыққа қарсы нөлдік төзімділікті қалыптастыру, бұқаралық спортты насихауттау мақсатында «Адам денсаулығы – қоғам байлығы атты» волейболдан турнир өтті.

Аудан мектептерінің жоғарғы сыныптарының оқушылары бап пен бақ таласына түскен дүбірлі доданың ашылу салтанатында аудан прокуроры Ерлан Қасымбаев жастардың зиянды әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір салтын қолдаулары өз болашақтары үшін аса маңызды екенін айтып өтті.

Аудандық полиция бөлімінің басшысы Арнұр Исаев ескірткіге есі кетіп, тура жолдан тайған азаматтарға қолданылар жазалар жайлы сөз етіп, спортпен шұғылданудың нашақорлықпен күресте қуатты құрал екендігін тілге тиек етті.

Жалпы бәсекеге 9 команда қатысып, сары еденнің шаңын, сары ала доптың жанын шыға-



рып, өзара тартысты ойындар көрсетті. Ширақ қимыл, шапшаң қозғалыс көрсеткен құрамалардың ішінен шын мықтылары анықталды.

Жарыстың қорытындысы бойынша үздік үштікті Еңбекші орта мектебі тәмамдаса, екінші орынның мінберіне Қызылащы орта мектебінің шәкірттері орнықты.

Ал бәйгенің бас жүлдесі Бескөл №14 орта мектебінің қанжығасына байланды. Сондай-ақ үздік шабуылшы және үздік қорғаушы аталымдары бойынша да ойын-

шылар марапатталды.

Жүлде төрінен көрінген командаларға арнайы кубог, диплом, медальдар табысталды.

А.ЕСЕНБЕКОВ.



және орта бизнесті қолдауға ерекше көңіл бөлініп отыр. Қаржылық қолдау көрсету кезінде мемлекет бәсекелестік негізді ескере отырып, бәсекеге қабілетті шағын және орта кәсіпкерлікке басымдық береді. Осы ретте Президент Ұлттық банкке, Қаржылық реттеу агенттігіне және Үкімет-

нымен қатар атаулы әлеуметтік көмектің бірыңғай жүйесін құру мәселесі де қарастырылып жатыр. Осының бәрі қарапайым халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған шаралар. Реформалар аясындағы тағы бір ерекше жаңалық – «Ұлттық қор – балаларға» ұлттық бағдарламасының іске қо-

дігіне ие болады. Бұл да өз кезегінде ел экономикасының дамуына ықпал етпек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осындай оң өзгерістерге бастайтын ауқымды реформаларды іс жүзінде жүргізіп келеді. Қазақстан әлеуметтік әділеттілік, нарықтық экономика

Халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында

Мемлекет басшысы реформаларының негізгі бөлігі халықты сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз етуге, білім беруді дамытуға, тұрғын үй мәселесін шешуге, жастарға барынша қолдау көрсетуге бағытталған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформаларының негізгі мақсаты – Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыру. Ал жаңа экономикалық бағыттың негізгі басымдықтары ретінде жеке кәсіпкерлікті ынталандыру, мемлекеттік капитализмнен

және мемлекеттің экономикаға шамадан тыс араласуынан бас тарту, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, сондай-ақ ұлттық табысты әділ бөлу сынды әрекеттерді атаған болатын. Осылайша, Мемлекет басшысының реформалары «Әділетті Қазақстан» құру принципіне негізделген. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, бүгінде мемлекет алдында елді жаңғырту қарқынын жеделдету және әлеуметтік-экономикалық дамуда үлкен серпіліс жасау міндеті тұр.

Әлеуметтік-экономикалық реформалар аясында шағын

ке аталған секторды тұрақты және қолжетімді несиелеуді қамтамасыз ету бойынша шешімдерді әзірлеуді тапсырды. Осылайша тиісті рәсімдерді жедел әрі ашық жүргізу арқылы кәсіпкерлерді қолдауды жеңілдету көзделіп отыр.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап бала күтімі бойынша төлемдердің мерзімі бір жарым жылға дейін ұлғайтылады (бұрын 1 жыл болған). Ал әлеуметтік сақтандыруға қаражат аударғандарға жұмысынан айырылған жағдайда берілетін төлем орташа айлық табыстың 45%-ін құрайтын болады. Со-

сылуы

Мемлекет басшысы көші-қон саясаты, ең алдымен, ғылым, денсаулық сақтау, өнеркәсіп және ақпараттық технологиялар саласында сұранысқа ие, жоғары білікті кадрлар тапшылығын азайтуға бағытталуы тиіс екенін айтқан болатын. Осыған байланысты түрлі жеңілдіктер енгізіп, тұруға рұқсат алу құқығы мен виза беру біршама оңтайландырылмақ. Ал Қазақстан экономикасына 300 мың доллардан астам инвестиция салған шетелдік бизнесмендер он жылдық виза мен тұруға рұқсат алу мүмкін-

қағидаттарының икемді үйлесімі, экономиканы басқару тетіктерінің тепе-теңдігін сақтау және бизнес пен экономикалық субъектілердің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру бағыты бойынша біртіндеп ілгерілеп келеді. Мемлекет неғұрлым әлеуметтік-экономикалық бағытта көп күш жұмсап, дамуға жол бастайтын реформаларды жүзеге асырған сайын ондағы адами капиталдың көрсеткіші де жоғарылай түседі.

А.ЖАКАНОВА,

Жайпақ ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушы.



ка обучали уходу за домашними животными, а девочку — готовить пищу, трепать и валять шерсть, шить одежду, нянчить младших братьев и сестер.

Образование

В Казахстане есть школы с преподаванием на казахском и русском языках. Дополнительно изучаются иностранные языки: английский, французский, арабский. Детям стараются дать пре-

достоянной дочери. Ее родители подают гостям кумыс (кобылье молоко) и куйрык-бауыр (кушанье из бараньего курдючного сала и печени). Стороны утверждают детали будущего торжества, после чего родители девушки должны ответно посетить сватов в знак согласия.

В старину бывало, что до брака будущие супруги даже не были знакомы. В специальный

Многочисленные повторы музыкальных фраз напоминают заклинание или молитву.

Казахи танцевали на праздниках, изображая сцены охоты или повадки животных. Крылья птицы и рога — узнаваемые фигуры традиционного танца. Энергичные движения тела чередовались с плавными. Женщины искусно владели пластикой рук. Виды народного танца

Традиции Казахстана

Из-за регулярной перемены места жительства и связанных с этим тягот кочевники относились к путешественникам с пониманием и уважением. По этикету вошедший преклонял колено, а хозяин с порога не расспрашивал путника, кто он и откуда держит путь. Гостя усаживали у очага и предлагали разделить трапезу, а вопросы задавали потом. После обеда хозяин просил пришедшего сыграть на музыкальном инструменте. Путнику дарили коня, чапан (кафтан из шерсти на подкладке) или оружие.

Поводов накрыть дастархан и устроить званный обед было много: проводы в дорогу, первая посадка ребенка в седло, начало (қырман майлар) и окончание уборки урожая (сабан той) и др.

До сих пор жив обычай (ерулик) готовить угощение для соседей-новоселов, чтобы познакомиться поближе. По этикету приглашенных рассаживают за дастарханом на корпе (матрасах) с учетом статуса. Уважаемый гость занимает почетное место, хозяева садятся за стол последними.

Первым делом за столом предлагают кумыс (молоко кобылиц), шубат (верблюжье молоко) или айран (кислое молоко), а затем — чай. В отличие от таджиков, у которых чайной церемонией заправляют юноши, у казахов напиток разливают девушки. К чаю подают каймак (сливки), лепешки и сладости.

Основа казахского стола — мясо. Перед главным гостем ставят баранью голову (койбас), чтобы он разделил ее между приглашенными. На овальном блюде подают бешбармак — куски вареной конины, баранины, говядины, верблюжатины на квадратных пластинах домашней лапши с зеленью, луком и специями.

Лепешки шельпек и пончики баурсаки жарят в масле и едят

как хлеб. На десерт подают жент — квадратики из муки, масла и изюма, шертпек — животный жир с медом, талкан — толченую пшеницу жареную с сахаром. В казахской кухне прижились некоторые блюда народов Средней Азии: самса, лагман, шашлык.

Вплоть до начала XX века в Казахстане сохранялся патриархальный семейный уклад со строгой внутренней иерархией и подчинением старшему в роду. Традиционная семья состояла из стариков-аксакалов, родителей, детей, внуков, могла включать семейных братьев по линии отца и доходила до 30 человек. Бытовые тяготы преодолевали вместе, имея общий очаг и ведя натуральное хозяйство.

Мужчина был охотником и кормильцем, женщина — хозяйкой и верной соратницей мужа. Однако правами на имущество и скот обладал мужчина, жене принадлежало только ее приданое. Она зависела от мужа, брата или даже сына, но никогда не терпела нужду. Мужчины опекали ее в том числе и в старости.

По древнему казахскому обычаю (аменгерлик) на вдове женился брат умершего мужа или кто-то из родни и воспитывал ее детей. В XXI веке казахстанцы заботятся о вдовах, поддерживая их материально.

Воспитание детей

Новорожденного оберегали от сглаза, кроме бабушки и дедушки никому не показывали. Если в один день с ним родился детеныш домашнего животного, то считался талисманом (басире) малыша. Басире не изнуляли работой, не резали и не продавали.

Раньше до года малыша независимо от пола впервые сажали на коня в детском седле (ашамай). Многие папы и мамы и сегодня совершают этот древний обряд с празднованием, но в более старшем возрасте ребенка — 5–6 лет.

В старину детей с 6–7 лет начинали приучать к труду: мальчи-



стижное образование в том числе за границей. Часто выбор вуза и будущей профессии за ребенка делают родители.

Когда казахи вели кочевой образ жизни, отец семейства решал, на ком женить детей, когда те были еще в младенческом возрасте. Сватов присылали, когда девочке исполнялось 13–14 лет, мальчику — 15 лет. Невесту могли и украсть, если отец отказывал жениху. Современные молодые люди знакомятся во время учебы или на работе, а девушек воровать уже не принято.

Некоторые обряды казахской свадьбы приобрели символический характер, с годами появляются новые (выпускание голубей, фотосессия), но свадебный ритуал сохранил структуру — сватовство, проводы невесты, официальная регистрация и пир (той).

В современном Казахстане к калыму — выкупу за будущую супругу — относятся по-разному. Семьи в центральных и южных регионах первым делом обговаривают размер выплаты, а потом засылают сватов. На западе и севере республики калым не считают обязательным.

Исконный смысл калыма в том числе — компенсация затрат на приданое. Они должны быть соразмерны. На деле приданое обходится дороже. Его уже не собирают как раньше, с рождения, а покупают в магазинах незадолго до свадьбы.

Отец и уважаемый родственник жениха прибывают с подарками в дом невесты и по обычаю преподносят отцу и матери сүт ақы — плату за молоко как возмещение затрат на воспитание

день смотрин (орын той) девушка дарит юноше платок, а он мог коснуться ее руки. Сейчас в этот день устраивают вечеринку для друзей.

В день проводов (қыз узату той) в доме невесты собиралась родня, накрывали стол, а подружки пели прощальные песни. Современные девушки празднуют қыз узату той с подружками в кафе или ресторане.

По желанию молодые люди женятся в национальных костюмах. Мужчина надевает чапан и борик (головной убор, отороченный мехом). Женщина облачается в белое платье и саукеле — высокую шапочку-конус с белыми перьями филина на верхушке. Старшая из родственниц помогает ей надеть серьги и ожерелье, часто это семейные реликвии.

Пара проходит священный обряд нике кию в мечети. Как правило, совершают и то, и другое, приглашая муллу закрепить духовный союз после официального заключения брака. Затем родных и гостей ждет праздничный банкет. В доме мужа старшая из женщин рода, обычно бабушка, снимает с новобрачной саукеле и повязывает ей на голову платок.

Фольклор

Древние сказители пели самобытные импровизации под звуки народных инструментов. Песни слагали о природе, о героях и великих подвигах. Умение играть на домре (щипковом инструменте с двумя струнами) считалось важным навыком казаха. На домре или кобызе (струнно-смычковый инструмент) музыканты күйші играли пьесы без слов — күй.

(би): трудовые, шуточные, охотничьи, раздражительные. Би сопровождали аккомпанементом домры или барабана.

Древним промыслом — охотой с беркутом или соколом (саят) на зайца, лису или фазана занимались умелые охотники — кусбегі. Их уважали и верили, что понимать птиц им помогали сверхъестественные силы. Сегодня при желании беркутчи (охотником с беркутом) может стать любой казахский мальчишка, этому обучают в спортивных школах.

Традиционно джигитовка — акробатические трюки на лошади — это элементы сражения. Умения скакать стоя, вниз головой, задом наперед, на скаку пересаживаться на другую лошадь, поднимать оружие с земли помогали джигитам защищаться в бою и атаковать врага. В наши дни мастера по джигитовке устраивают зрелищные состязания. Если воины-всадники возвращались домой с победой, то исполняли танец, стоя на лошадиных спинах.

У казахстанцев в крови любовь к байге — скачкам на лошадях. Забег ограничивают расстоянием в 20–30 км по пересеченной местности, иногда дистанция достигает 100 км. Зажиточный фермер в сельской местности может устроить байге по любому поводу, будь то свадьба или юбилей члена семьи. В крупных казахстанских городах (Нур-Султан, Алматы) скачки проводят на ипподромах. Победа зависит от выносливости лошади, ее хозяин получает приз: деньги, мотоцикл или автомобиль.

В современном обществе казахстанцы сознательно придерживаются традиций предков и делают это не только из уважения, а с желанием сохранить свою культуру и национальную идентичность для подрастающих поколений.

Қант қызылшасын жинау қарқын алуда

Қант қызылшасы – бабы мен күтімі келіссе, мол өнім беретін өсімтал дақыл. Мұны қызылша өсіруден мол тәжірибе жинақтаған шаруа қожалықтары жақсы біледі. Жыл сайын тәтті түбір егуді кәсіп қылған алақөндіктер қант қызылшасын өсіруді оңтайландырып, өнімді мол арттыруға айрықша көңіл бөліп келеді. Осы орайда, алғашқы болып «Қазақстан» шаруа қожалығы биылғы жылғы тәтті түбір өнімдерін жинау жұмыстарын бастап кетті. Бүгінде, бұл шаруа 5 гектар жерге қант қызылшасын егіп, алқаптан 60 тонна өнім алған. Шаруашылық тәтті түбірді күтіп, баптау мақсатында алқапты техникамен жарақтандырып, 10 азаматты жұмыспен қамтып отыр.



Қант қызылшасын өсіруге ден қойған диқандар да күздің әр күнін қалт жібермей, науқандық жұмыстары да күн сайын қызып келеді. Көлбай ауылдық округінің «Samet agro», «Ерасилов»,

«Сүлейменов», «Досмағұлов» және «Алижан» шаруа қожалықтары да 70 гектар жерге тәтті түбір егіп, бүгінде 30 гектар жерден 600 тонна өнім алды. Өнім жинау жұмыстарына 2 комбайн,

8 камаз жұмылдырылып, 25 адам жұмыспен қамтылды. Берекелі күз берген тәтті түбір тиеген жүк көліктері Ақсу қант зауытына жол тартып үлгерді.

«Қант қызылшасы өнімдердің ішінде ең пайдалы, пайдасын көп беретін өнім. Биыл 1 жыл үзілістен кейін қант қызылшасының түсімі жақсы. 8 гектар алқапқа қант қызылшасынан 270 тонна өнім алып, Ақсу қант зауытына өткіздік. Өнімді жинау жұмыстарына 1 комбайн, 6 камаз техникалары мен 8 адам жұмыс атқарды. Келесі жылы алқап аумағын кеңейтіп тәтті түбірдің көлемін одан әрі ұлғайтатын боламыз», - дейді, «Сүлейменов» шаруа қожалығының басшысы Жасұлан Сүлейменов.

Айта кетейік, бір қант қызылшасының салмағы 5 келіден асады.

Биылғы жылы аудан бойынша 20 шаруа қожалығы 500 гектар жерге қант қызылшасын ексе, оның 52 гектары жиналып, 1248 тонна өнім берді. Қазірде, жиым теріп Үшарал, Көлбай округтерінде қызу жүріп жатыр. Жиналған мол өнім қант зауыттарына өткізіледі деп жоспарлануда.

А.МҰРАТ,
Аудан әкімінің баспасөз хатшысы.

Білімді жастар – жарқын болашақ бастауы. Қарыштап өсу, өрлеу мен өркендеу жолында өршіл, жігерлі, терең білімді, қажыр-қайраты мол, белсенді әрі беделді жастар зор жетістіктер мен толайым табыстар, жаңашыл бастамалар мен озық идеялар жаршысы болмақ.



Жастар жалындап тұруы керек

Ұлы дала елінің ұрпақтарына үлкен үміт артылып отыр. Сол сенімнің үдесінен шығу үшін мемлекет те бізді жан-жақты сүйемелдеп, барынша көмек те көрсетуде. Себебі бәсекеге қабілетті, саяси сауатты, дарынды, талапты азаматтар ғана мемлекет құрылысында берік іргетасының қалыптасуына ықпал етпек.

Шыны керек, біз қазір білімнің салтанат құрған заманының құрдасы болып отырмыз. Бұрынғыдай шоқпармен шауып, қылышпен қырып алатын уақыт тарих қойнауына сіңіп, жоқ болды. Тек қана сана мен ақылдың салмағы артып, білім мен ғылымның құны еселенді. Жаңа технологиялар мен инновацияның дәурені жүріп тұр. Бұл ретте басты міндет алдымен жастардың иығына түсетіні мәлім. Себебі уақыт ағысы бір орнында дамылдап қалмайды, үздіксіз, үзіліссіз алдыға жылжиды. Сондықтан кәсіби кадрлар қатарын көбейтіп, баянды болашақтың бағытын бағамдау біздің қолда. Осы мәселеде жастардың өмірге, еңбекке, ізденіс пен жаңашылдыққа деген құлшынысын арттыру мақсатында «Бәсекелестік» тенденциясын жолға қойған абзал.

Бұл ретте мен де өз қызметімде үйреншікті үрдістермен ғана жүрмей, мамандығыма жаңашылдықтар алып келуге, сол арқылы шәкірттеріміздің жан-жақты болуына барымды саламын. Өсіресе, ұрпақ тәрбиесіндегі ұстаздың ерекше орнын ескере келіп, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасулары үшін бар күш-жігерімді жұмсауға әзірмін.

Тәуба, еңбек жолымда елеусіз қалмадым. Қарымды қызметтің арқасында жеткен жетістіктер мен бағындырған белестер күнігі көбейіп келе жатыр. Ең бастысы шәкірттеріміз мен ата-аналардың ыстық ықыласын молынан еншілеудемін.

Осыдан асқан құрмет, бағалау ұстазға қажет те емес.

Жаңа заманның жаңаша сұраныстарына сай үздіксіз ізденісте болу – менің басты мақсаттарымның қатарында. Көштің алдында болып, қатарластарымның қатарынан қалмау ниетінде үнемі жетіліп, білім іздеуде кері қадам басуға негіз жоқ.

Тек қана бір-бірін басып-озуға ұмтылып, өзінің идеялары мен принциптері жолында аянып қалмайтын ұрпақтың ғана жаһандық бәсекелестіктегі бәсі жоғары болмақ.

Қазір жастарға мол мүмкіндіктер ұсынылып отыр. Ал сол мүмкіндіктерден мейлінше өзіне тиімдісін қанжығалап, пайдасына асыратындар ғана көш басынан көрінбек.

Ендігі ретте саннан сапаға ауысу, білім деңгейін көтеру, жастардың тың идеяларына кеңінен қолдау көрсетіп, талапты әрі табандылар ғана жасампаз болашақтың жемісін көреді деген идеология қалыптастыру басты приоритет болды. Ол үшін жастардың еңбекке араласуына, олардың әлеуметтік жағдайларының жақсаруына мемлекет тарапынан бүгінгіден де артық көңіл бөлінгені мәлім. Осы міндеттер үдесінен шығып, кемел келешекке қарай қарымды қадамдар істемекпіз.

Еңбек – нәтижесімен бағалы. Бұл ретте сонау 2015 жылдан бері қызметтік жолымда алған марапаттарым, көтерілген биіктерім ең алдымен білім-біліктілігімнің арқасы. Сол дарынымды арынды шәкірттеріміз бойына сіңіріп, олардың да білім көкжиегінде кеңінен қанат қағуына жол ашуда барымды саламын.

Аян ОРАЗОВ,
О.Молдағожин
атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі.

Баспана кілті табысталды



«Қайырымдылық – қайырымдылық» демекші, Алланың ақ жолында мұқтаж жандарға қолғабыс етіп, сауапты істе сапты бастау ізгілік. Бұл ретте айдын өлкемізде жүзеге асып жатқан жайдарлы жаңалықтарды ерекше атап өтуге болады.

Талай уақыттан бері Алақөл тұрғындарының ыстық ықыласына ие болған «Диана» қайырымдылық қоры кезекті сауапты ісіне жан бітірді. Осымен міне,

баспана іздеп сабылған жұртқа жиырма үшінші үйінің кілтін табыс етті.

Қуанышты хабардың самал желі Бұлақты ауылынан есті. Тағдыр тауқиметін кешіп, тар жол, тайғақ кешулерде қалған кейуанамызға Республика күнінде ризықты сыйлық болды. Өңір халқы мен қор ұйымдастырушыларының ортақ ықпалымен тағы да бір жанұя жылы ұясына енді. Бұдан алақөндік арда жұрттың жақсылыққа жақын, адамгер-

шілікке адал екендігін аңғаруға болады. Құбыласынан жаңылмаған қауымның игілікті істері әлі де жалғасын таба беретіні сөзсіз.

«Теңіз – тамшыдан тұрады» демекші, әр азаматтың ыстық ниеті, кішігірім көмегі тау болып үйіліп, үй болып соғылып, мұқтаж жандардың өмірлік арманын шынайылыққа айналдырып жатыр. Осындай сауапты іске мұрындық болып отырған «Диана» қайырымдылық қорына бұқараның да риясыз алғысы мол.

А.ЕСЕНБЕКОВ.



Что такое успех и как его добиться в жизни

Многие мечтают добиться успеха, подразумевая под этим положение в обществе, карьерные достижения или финансовую независимость. При этом люди не до конца понимают, что скрывается за этим понятием. Успех — это положительный результат действий, удача в достижении поставленных целей. Цель может быть поставлена в любой жизненной сфере. Например, в бизнесе и карьере, в покорении вершины, в строительстве дома и многом другом. Под словом «успех» часто подразумевают общественное признание, получаемое от окружающих, или возможность вести образ жизни, который отвечает особенностям личности и способствует ее гармоничному развитию. Многие люди отождествляют его с богатством, избытком и финансовой независимостью. Составляющими успеха можно считать эмоциональную и психологическую стабильность. Материальные цели временны и иллюзорны. Стремясь получить в собственное владение дома, яхты и крупные суммы денег, люди тратят жизнь впустую. Ощущение бессмысленности достигнутых целей (богатство любой ценой, например) и глупости былых убеждений настигает человека в конце жизни. После чего следует разочарование, скорбь и депрессия, поскольку жизнь прошла в борьбе за материальный успех. Что такое успех и чем он отличается от успешности: успех ассоциируется с активностью человека и невозможен без его деятельности, выраженной через акт творения, достижения или завоевания. Истинное значение успеха выходит далеко за рамки общепринятых определений, например, наличия большого количества денег или всевозможных дипломов. Его измеряют количеством людей, способных жить лучше благодаря тому, что вы создали, ведь главный смысл успеха в том, чтобы жить счастливо и делать этот мир лучше для всех.

Что значит успех и успешность в жизни? Понятие «успех» подразумевает результат достижения определенных целей. Успешность — более широкое понятие. Это устойчивая характеристика личности, способность человека добиваться выполнения целей максимально экологично (не нанося урон своему внутреннему миру), нахо-

дясь при этом в гармонии с собой и окружающим миром, параллельно совершенствуя свою личность. В понятии «успех» фиксируются достижения в конкретной деятельности. Успешность отражает скорее субъективные переживания и наличие личностных ресурсов для достижения успеха. Оно изменчиво, у каждого возникает свое понимание успешности исходя из жизненных целей и потребностей. Что обеспечивает человеку успех? Успех дает человеку ощущение удовлетворенности от достижения целей и своей жизни в целом, уважительное отношение со стороны окружающих и устойчивое финансовое положение. Чтобы обеспечить все это и достичь целей, ему необходимо быть терпеливым, уметь фокусироваться на поставленных задачах и быть готовым тяжело работать. Что обеспечивает человеку успех, как добиться успеха в жизни? Большинство так и не добивается успеха. Люди мечтают о больших деньгах, высокой должности или, к примеру, выйти замуж за принца, не задумываясь о том, как этого достичь. Они не ставят перед собой цели и не формируют планы по их осуществлению, а надеются проснуться успешным. Такое поведение ошибочно, ведь успех — это ежедневная работа над собой и своей жизнью.

Как добиться успеха в жизни? Чтобы добиться успеха, будь то финансовая стабильность, карьерные достижения или другие цели, следуйте таким рекомендациям: Ставьте перед собой конкретные цели, необходимо составить своеобразную дорожную карту для своей карьеры и жизни. Определитесь, чего хотите достичь. Поставьте перед собой долгосрочные цели на перспективу и мини-цели, достижение которых станет источником мотивации для дальнейшей деятельности. Планируйте каждый день. Составьте список дел, которые необходимо сделать завтра или в течение определенного периода. Так не упустите ничего важного и будете видеть прогресс в делах. Составьте график работы на ближайший период (неделя, месяц, год) и придерживайтесь его. Будьте дисциплинированы и не позволяйте себе лениться. Не позволяйте неудачам остановить вас. Даже у самых талантливых и способных людей мало что получается с первой попытки. Автор бестселлера «Живи с чувством» Даниэлла Лапорт ре-

комендует не заикливаться на ошибках и промахах, а пытаться исправить ситуацию. Пытайтесь до тех пор, пока результат работы не удовлетворит. С каждой новой попыткой будете все больше приближаться к цели. Будьте гибким и учитесь приспосабливаться к ситуации. Экономический кризис, пандемия с ее карантинными ограничениями, военные действия в соседней стране — все это может сказаться на деятельности и потребовать определенных перемен. Не останавливайтесь в такой момент. Используйте подобные ситуации

в свою пользу, приспосабливайтесь и идите в ногу с тенденциями, меняйте методы ведения бизнеса. Проявляйте любопытство. Успех — это постоянный рост и развитие. Дайте своей личности развиваться, проявляйте любопытство, изучайте окружающий мир и все, что происходит вокруг. Уделяйте время саморазвитию. Развивайте креативность, читайте книги, изучайте иностранные языки, займитесь спортом. Не заикливайтесь на чем-то одном, соблюдайте баланс между разными жизненными сферами. Учитесь позитивно мыслить. Поселите в своей голове позитивные мысли и постарайтесь избавиться от негатива. Он никогда не приведет к цели. Станьте коммуникабельным человеком. Это поможет наладить необходимые связи, почувствовать внутренний комфорт. Проявляйте открытость в общении с людьми, делитесь опытом и перенимайте опыт у других. По мере возможности помогайте окружающим, и в определенный момент почувствуете их отдачу. Учитесь прощать, не накапливать обиды и раздражение на недоброжелателей. Не тратьте энергию на злобу, извлекайте уроки из произошедшего и двигайтесь дальше. Ловите момент. Не откладывайте достижение целей до лучших времен. Каждый день делайте все, что можете. Такая деятельность принесет положительные результаты и прогресс в делах. Верьте в свои силы. Большинство людей убеждено, что обладает определенными возможностями, у которых есть свои пределы. Они подсознательно стремятся избежать сложностей и теряют интерес к выполнению непростых задач. Откажитесь от такой стратегии и старайтесь развивать навыки. Упорно следуйте целям, верьте в свои силы и работайте над собой. Дайте себе время. Любые серьезные достижения требуют времени и усилий. Пытаясь добиться успеха, не забывайте об отдыхе. Хороший отдых поможет зарядиться энергией и свежими идеями. Пытаясь добиться успеха, не забывайте об отдыхе. Успех — достижение поставленных целей в разных жизненных сферах. Для одних - это высокое карьерное положение, для других — финансовая стабильность, для третьих — крепкое здоровье и семейное благополучие. Чтобы добиться успеха, необходимо ставить перед собой конкретные цели, работать над собой и не бояться неудач.

Ш. ИМАНАСОВА.

Человек труда Шорник - профессия исчезающая

Еще каких-то 100 лет назад казахский аул невозможно было представить без шорника. В каждом дворе была лошадь, да порою не одна! По популярности его приравнивали к кузнецу, гончару или плотнику. Сейчас времена другие, шорники — профессия редкая, можно сказать исчезающая. Вот и в регионе Уйгентасс Алакольского района остался, пожалуй, единственный мастер — Байзак Ембергенов из аула Теректы. Получивший недавно на Днях культуры района из рук акима Приветственный адрес за большой вклад в развитие национальных ремесел.



С незапамятных времен именно лошадь была лучшим другом человека. Ведь кочевники на территории Казахстана, по оценке археологов, одомашнили ее 5000 - 6000 лет назад. И в труде, и в бою они были нашими первыми помощниками. Ими остаются и по сей день, несмотря на все достижения современной цивилизации.

В течение 20 лет специалистами СПК «Токжайлау», совместно с казахстанскими учеными НИИ животноводства, восстановлена элита (!) уникальной горно-вьючной казахской породы лошадей найманского типа. Сейчас их более 800 голов. Эту породу охотно закупают и чабаны, в том числе и соседних районов, и пограничники, и полиция для патрулирования в труднодоступных местах. А кто первый помощник лошади? Правильно — шорник (рымарь, лимарь), специалист по изготовлению конской упряжи. Ведь именно благодаря его мастерству, совместная работа человека и лошади становится легкой и продуктивной.

Это нелегкий, кропотливый, но интересный труд. — считает Байзак Ембергенов. Любовь к этому древнему и почти исчезнувшему ремеслу передалось ему от деда - известного в тех краях шорника Касымбека Ембергенова. Шорник, говорит мастер, должен владеть искусством работы и резьбы по дереву; с металлом (инкрустация) и, конечно же, кожей.

Уздечки, недоуздки, плетёный кнут, седла, хомуты, дуги - вот далеко не полный перечень

того, что выходит из рук Байзака — ага. До этого он трудился в местном совхозе, затем в крестьянском хозяйстве, но вот уже 8 лет занимается любимым делом. Заказов много, на несколько месяцев работы. Ведь едут к нему не только из сел и аулов Уйгентасского, но и Алакольского региона. Особенно весной, когда чабаны начинают откочевку отар с равнинных участков на джайлау. Вот и мелькают в руках мастера, с утра до позднего вечера, сменяя друг друга, острый нож, толстая игла, молоточек с мотком медной проволоки для инкрустации, небольшой рубанок. Да включается порою старенькая швейная машинка.

Были в наших краях настоящие мастера этого дела, говорит мой собеседник. Недавно мне привезли старенькое седло на реставрацию. Седло уникальное — рубленное топором! Ему не меньше 70 лет, а оно еще служит хозяину. И, после небольшого ремонта, будет служить еще не один год. Тянь — шаньская ель - дерево долговечное. Да и рука настоящего мастера чувствуется.

И, напоследок. В древнегреческом мифе про крылатого коня Пегаса говорится, что укротить его герою Беллоронту удалось лишь с помощью волшебной, золотой уздечки. И ни слова о мастере, ее изготовившем. А ведь это был шорник — уникальное ремесло которого, было в почете испокон веку! Чувствуете связь?

В. ВОРОБЬЕВ.

Қаржылық сауаттылық қажет

Тұтынушылық қарыздың ең жоғарғы сомасы бойынша шекті белгілеу және коллекторларға кредиттерді сатуға толық тыйым салу қаржы нарығының дамуын тежеуі мүмкін. Сол себепті сарапшылар тұтынушылық несиелеу шектеулеріне мұқият қарау қажеттігін алға тартады.

Халықтың шектен тыс несиелену проблемасы жуырда Парламентте қызу талқыланып, депутаттар мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі тұтыну қарыздарын беру жөніндегі талаптарды қатаңдату қажет деп түйген болатын. Өз кезегінде Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы басшысы Елена Бахмутова қарыздың осы түрлері бойынша ағымдағы сома елдің қаржылық тұрақтылығына қауіп төндірмейтінін, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен қаржы институттары табысы аз қарыз алушылардың борыштық жүктемесін шектеуге күш салуы керектігін айтты. Яғни бұл мәселеде қатаңдату шаралары 90 күннен астам мерзімі өткен қарыз алушыларға тұтынушылық несиелер беруге тыйым салуға, сондай-ақ адал қарыз алушыларға әсер етпестен табысы төмен қарыз

Сол секілді «Halyk Finance» сарапшылары тұтынушылық кредиттің ең жоғары сомасының шегін енгізу жөніндегі шараны тиімсіз деп санайды. Олардың дерегінше жалпы динамика жеке мақсаттар үшін несиенің орташа мөлшерінің төмендеуін көрсетеді. Көзделіп отырған шара несиелік тарихы оң, ұқыпты азаматтардың қаржылық ресурстарды алу мүмкіндігін шектейді. Сонымен қатар ҚНРДА МҚҰ-ның жарғылық капиталына қо-йылатын талаптарды қатаңдату бойынша жұмыс жүргізілуде. Оның мөлшері біртіндеп ұлғаюда және келесі жылдан бастап кемінде 200 млн теңгені құрауға тиіс. Бұл ретте МҚҰ – салымшылардың ақшасын қорғау үшін әдетте пруденциалдық нормативтер қолданылатын депозитарлық институт емес. Яғни МҚҰ беретін несиелер банктердегідей депозиттермен қорландырылмайды. Сондықтан олардың капиталына қойылатын талаптарды қатаңдату микрокредиттеу нарығының дамуына кедергі келтіретін артық жүктеме сияқты. МҚҰ-ны реттеу тұтынушылардың (қарыз алушылардың) құқықтарын қорғау бөлігінде ғана шоғырлануға тиіс.

Онлайн-кредиторлардың қарыздарына қатысты шектеулер енгізу мәселесі-



алушылар үшін шектеулерге және олар үшін қаржы ресурстарының қол-жетімділігін қысқартуға қатысты болуы керек. Бұл пікірді «Halyk Finance» сарапшылары да негізді деп санайды. Экономиканы несиелеудің маңызды сегментіне тоқтала келе, олар: «Коллекторлық агенттіктерге проблемалық қарыздарды сатуға толық тыйым салу жөніндегі айтылған бастама халықты несиелендіру мәселесін біржақты шешпейді. Сонымен қатар мұндай шара қаржы нарығына кері әсер беруі мүмкін. Өйткені коллекторлар институты маңызды функцияны орындап, несиелерді қайта құрылымдауға және банктер мен микроқаржы ұйымдарының (МҚҰ) несиелік қоржынын жақсартуға көмектеседі», деп пікір білдіреді.

Проблемалық қарыздарды коллекторлық агенттіктерге сату мүмкіндігін жою бұл қызметтің көбіне асы салада арнайы білімі мен сараптамасы жоқ кредиторлардың өздеріне – банктер мен МҚҰ-ға өтуіне әкеледі. Қаржы сарапшыларының айтуынша, жұртшылық арасында коллекторлар институтына күмәнмен қарау белең алған. Ал шын мәнінде бұл – түрлі тиімді жоғары технологиялық құралдарды қолданатын өзіндік бет-бағдары бар сала. Сонымен қатар коллекторлық қызметке қатысты заңда олардың жұмысының қолайсыз әдістерін жоққа шығаратын нақты ережелер белгіленген. Оған қоса, ҚНРДА-да мемлекеттік тіркеуден өткен және біліктілік талаптарына сәйкес келетін компаниялар ғана коллекторлық қызметпен айналыса алады.

не тоқталған сарапшылар, онлайн несиелесу берушілер – тұтынушылық несиелеумен айналысатын финтех-компаниялар екенін еске салады. Бұл жағдайда қарыз алушы мен қарыз беруші арасындағы барлық қатынас интернет арқылы жүзеге асырылады. Онлайн-несиелесу берушілер қаржылық қызметтерді ұсыну тәсілдеріне айтарлықтай әсер етеді. Тиісінше, олардың жеке нормативтік-құқықтық базасы болуы керек. Сонымен бірге олар МҚҰ ретінде қарастырылмауға тиіс. Сәйкесінше, негізгі бағыты – микро және шағын бизнесті несиелеу болғаны дұрыс. Ресімдеудің оңай қолжетімділігі мен кең таралуына байланысты етек алған тұтынушылық қарыздарды болдырмау үшін несиелесу беру талаптарын қатаңдату ұсынылып отыр. Қарыз алушыларға қойылатын талаптар кредиттік институттардың скорингтік жүйелерін жетілдіру және қолда бар кірістерді мұқият тексеру арқылы арттырылуға тиіс. Бұған қоса, халықтың қаржылық сауаттылығын, кредит беру шарттарының ашықтығы мен айқындығын арттыру, сондай-ақ банктер мен МҚҰ тарапынан тұтынушылық кепілсіз қарыздар беру бойынша агрессивті жарнаманы реттеу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет. Мұның бәрі әлеуетті қарыз алушылардың неғұрлым теңдестірілген шешіміне ықпал етеді.

Өз тілшіміз.



Тіл – ең құдіретті құндылық

Ежелгі Бабылдан дүбірлі дүниеге тарыдай шашылған адамзат баласының алғашқы ыдырауына тілдерінің өзгеруі себеп болған деседі. Дегенмен, діни құндылықтарда тілдердің әрқелкілігі – бөлінуге емес, бірлесуге һәм түсінісуге ұмтылыс екені айтылады. Иә, тіл – туыс тыққа, ізгілік қорғанына бастар абзал құрал. Тілде ұлттың рухы мен жаны, өткені мен болашағы бар.

Қазақ тілі – бұршақша шашылып, қойны-қонышы біртұтас үйлесімге, әдет-ғұрып пен ар, ұятқа ұйысып, ғасырлармен қалтқысыз араласқан түбірлі ұлттың киелі жәдігері. Тіліміз ырғақты, көркем, кестелі, әуезді, салалы болғандықтан, онда «қайнаған қанның, қиналған жанның, толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сағынышы» тоғысқан. Бодандық бұғауына шідерленіп, азаттық пен қараңғылық арпалысқан тұста Мағжан ақын:

«Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың, – Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың... Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!» – деп шежірелі баба тіліне тәу етіп, тәубе білдіріпті. Тіл барда ұлт бар, тілі сөнген ұлттың өзі де жоқ. «Егер тілім ертең болса құрымақ, мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ!» деген Р.Ғамзатовтың, «Өссе тілім, менде бірге өсемін, өшсе тілім, мен де бірге өшемін!» деген Ө.Тәжібаевтың пайымы – ұлт пен тілдің біте қайнасқанына айқын дәлел.

Әлемде бес мың тірі тілдің ай сайын екеуі өледі деседі. Мәселен, Камерун елінде 1995 жылы 5 қарашада касаба тілі жойылды деп жарияланды. Оған себеп, касаба тілінде сөйлеуші соңғы ұрпақ Момбила ауданын мекендеген Богон есімді азаматтың дүниесі салуы. Лингвист Майкл Краус жойылуға бет алған тілдердің алғашқы белгісі, ол тілде жастардың сөйлеуден бас тартуы деген тұжырым білдірген. Төңірге тәубе, жатса түсінен, тұрса есінен кетпеген тәуелсіздікке жеткен қазақ тілі бүгінде балдырған-бөбектер үнімен сәнүрлі құбылып, жаңаша тыныс тауып келеді. Жаңбырдан кейінгі көктей көтерілген қайратты өрендер Абай жолын темірқазық етіп, Алаш рухымен қуаттанып келеді. Бостандық таңы атқанда, көп уақыт томағасы алынбаған қырандай алға қарыштаған серіппелі жігер оты бәсеңдеген жоқ.

«Туған тілім – бабам тілі – өз тілім,
Туған тілім – анам тілі – өз тілім.
Туған тілім – далам тілі – өз тілім,
Туған тілім – адам тілі – өз тілім.
Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім тіл болудан қалса егер
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар!»

(Дихан Өбілев)

...Қазақ тілінде, расында, тұңғыш шежіре елесі, сан ұрпақтың ғұмыр баяны қатталған қасиеті бар. Кісі қазақ тілін игеру үшін басы шытырман, соңы мұратына жетіп тыным табар дала аңыздарын, қысқы шопанның қойнына тығылған сүйіріктей, маңырақ жетім қозы даусын, сай-саладан құлап аққан таңдайдан өтер тас бұлақ сылдырын, ұғынбаса да бас шұлғып, танымаса да дариядай мейірімін төсер қарапайым шаруа адамымен таныс бола білуі қажеттігіне сенімім кәміл. Себебі ұланғайырқазақ тілінде туған жерін қимай тыраулаған тырналар үні, ит тұмсығы өтпейтін тоғай шөбін белуардан кешкен жолаушы сүйініші, немкетті бозбалаға наздана қараған ақкербез қалқаның күлкісі қабат-қабат тұман иірімінде шүңейт көзі құбыла іздеген текті жылқының оқырынуы, оймақтай-оймақтай мөлдіреген гүл қауызындағы тамшылардың қырына құлап, қайырылмай кеткен қапысыз ғашығын іздеген сері жігіттің сергелдең өкінішінің табы бар.

Қайсыбір атаулары заттың өзінен де қымбат тартатын, поэтикалық сәуле шашқан шуда-шуда сөздер жықпылы рухани ашыққанды тойдырып, өшкенді жандырып жіберер-ау. Қарағайдың тасасында өскен гүлдердей інжу шашқан маңызды тіркестер, бірі батпан-батпан жақұт-жауһар орнына алыстағы ынтымақты көршіге арналып, бірі қанды кегі бітпеген қас жаудың әп сәтте-ақ бетін қайтарған құлжа сөз төркіні қазаққа ғана тән-ау, сірә. Сондықтан да болар, шығыстанушы-түрколог Платон Мелиоранский: «Түркі тілдерінің ішінде ең байы қазақ тілі екенін бүкіл зерттеуші мойындаған», – дегентін. Ғалымдарымыздың Шекспир мен Байронның бүтін шығармасының сөздік қорында бар-жоғы 15 мың, ал Мұхтар Әуезовтің бір ғана «Абай жолы» эпопеясында 17 мың сөз қолданылғаны жайлы тұжырымы – ана тіліміздің кемелдік құдіретінің анық айғағы.

Иә, екі миллионнан астам сөздік қоры бар қазақ тілі асқан сеніммен бола-шақ қақпасын қағып тұр. Енді оған үйме-жүйме сең де, құлаш-құлаш биігі бар қамал да бөгет емес. Себебі ол құшаққа сыяр қалыптан, ұғымға кірер шеңберден зау көкке шырақп шықты. Ең жақсысы, құшаққа сыймасты ешкім де құшақтап әуре болмайды. Тек мойындап қана тыныш табады.

Батырхан СӨРСЕНХАН,
журналист.



Интеллигенция Казахстана XX века

Изменения, происходившие в социально – экономическом и политическом развитии Казахстана во второй половине XIX – начале XX веков, оказывали глубокое воздействие на духовную жизнь казахского народа.

Политическая, экономическая экспансия сопровождалась принудительным навязыванием культуры паробатителя.

Коренные изменения в социально – экономической и политической жизни Казахстана, рассматриваемого периода, привели к существенным преобразованиям в общественном создании казахского общества. Такие значительные перемены обусловили пробуждение национального самосознания, определили формирование новых идей, мыслей, взглядов в казахском обществе.

В культурном плане новизна эпохи выражалась прежде всего в том, что происходило усвоение сначала представителями социальной верхушки, узким слоем людей, европейской культуры, новых ценностей.

Путь становления национальной интеллигенции не был однозначным, являл собой сложный и длительный процесс. Ход его тормозился условиями колониального режима, дискриминационной политикой царизма в отношении покорённых народов. Это обстоятельство негативно отражалось на количестве специалистов, как в области народного хозяйства, так и культуры.

Тем не менее, конец XIX – начало XX веков являлся новым этапом в развитии интеллектуальных сил народа.

К началу XX века в Казахстане шел процесс формирования национальной интеллигенции, часть которой получила европейское образование.

Она испытала на себе влияние не только национального движения Востока, но и буржуазных революций Запада, нарастающее давление оппозиционно настроенных царскому режиму своих соотечественников.

Возникновению и развитию периодической печати способствовало и развитие капитализма, товарно-денежных отношений, транспорта и связи, дальнейшая колонизация края.

Конкуренция нарождающейся национальной буржуазии с господствующей русской буржуазией, проникновение иностранного капитала, вызвали необходимость реформы системы образования, печати и связи.

На культурную жизнь Казахстана оказал большое влияние Казанский Университет, являвшийся очагом демократической культуры, центром развития просвещения.

Учеба оказала положительное влияние на формирование в обществе научных взглядов, на национальный язык и литературу, воспитывала молодежь в духе дружбы народов.

Процесс создания системы народного образования был сложным и, несмотря на свой ограниченный характер, имел большое значение для формирования первых кадров национальной интеллигенции.

Казахи – выпускники учебных заведений России, возвращались в родные аулы и города, передавали свои знания, просветительский дух своим землякам.

Основные задачи казахской интеллигенции

Вопреки ожиданиям колонизаторов, лучшая часть новой интеллигенции встала на защиту интересов родного народа, пройдя через мучительные духовные происки, она выступила против духовного порабощения и возглавила освободительное движение.

Как свидетельствует исторический опыт, в периоды резких социальных перемен всегда отличались значительной активностью, самостоятельными инициативами интеллигенция.

Интеллигенция, обладая обостренными социальными, интеллектуальными и нравственными чувствами, поднимает вопросы о положении личности в обществе, об отношении ее к созданию нового общества.

Главная заслуга казахской интеллигенции заключалась в том, что она вовремя разглядела начало этапа всероссийского развития, занялась поисками средств приведения в движение казахского общества, используя для этого социальные и политические свободы, предоставленные первой русской революцией, стремилась выволить народ из патриархально-родовой отсталости, освободить от царского гнета, указать ему пути знания и прогресса, приобретения государственной независимости.

Несомненно, это был путь трудной борьбы, сложных конфликтов и поисков.

И на этом пути наряду с достижениями, конечно, были и ошибки и заблуждения.

Однако порождены они были не злоумышлением по отношению к своему народу, как это трактовалось впоследствии сталинской идеологией, а естественными трудностями борьбы за облегчение жизни своего народа.

Первая казахская интеллигенция начала XX века считала главным в своей политической деятельности, защиту как национальных, так и общественных ценностей. Она стремилась помочь своему народу в борьбе за независимость и освобождение от колониального рабства, боролась за такие общественные ценности, как право каждого человека и каждого народа за свою личную свободу и свободный доступ к достижениям и завоеваниям своей человеческой культуры.

С этой целью казахская интеллигенция, начиная с 1905 года, развивает бурную деятельность степи.

Значительное место в деятельности казахской интеллигенции начала XX века занимали правовые проблемы, поскольку действовавшее царское законодательство грубо нарушало, ущемляло права качественного народа, что вызвало его естественный протест.

Обладая полной информаци-

ей о бедственном положении своего народа на его исконных землях, они пытались донести до царского правительства информацию о социальных потребностях казахского народа, защитить его правовые интересы. Многие из них имели специальную юридическую подготовку, что позволяло им расширить правовые знания широких масс, обогатить и углубить их правовые знания.

Центральное место правовой деятельности лидеров казахской интеллигенции М. Тынышпаева, Ж. Арменова, А. Байтурсынова, М. Дулатова занимал вопрос о земле.

Развитие литературы в конце

XIX начале XX веков

В своих научных и публицистических статьях, различных обращениях к царским властям они подвергали справедливой критике законодательные нормы царского правительства, не отвечающие жизненным условиям казахского народа.

В начале XX века демократические традиции культуры в Казахстане получили дальнейшее развитие. Расширилась сеть начальных школ, мектебов, русско-казахских училищ. Часть казахской молодежи обучались в средних специальных учебных заведениях Ташкента, Оренбурга, Омска – были студентами Казанского, Петербургского и Томского университетов.

Началось формирование новой казахской интеллигенции. Многие из получивших образование выезжали в аулы учительствовать, работали в медицинских, административных учреждениях. На казахском языке выходило несколько газет, среди которых наиболее популярной была газета «Казах» (редактор – А. Байтурсынов, ответственный секретарь – М. Дулатов). На развитие национальной культуры большое влияние оказал журнал «Айкап», издававшийся в 1911 – 1915 г.г. Журнал способствовал развитию литературы, языка, консолидации национальной сознания.

Для углубленного изучения истории, природы и геологии края в Казахстане создавались отделы Русского географического общества, статические комитеты, и другие научные и промышленные общества. В них, наряду с русскими учеными, работали и казахские исследователи. Ценные научные труды создали А.А. Диваев, В.В. Бартольд, Г.Н. Потанин, А.Букейханов, Б.Каратаев, Е.Смирнов, А.Алекторов и другие.

Революционное движение начала XX века в России сказало на положении национальных окраин, в том числе и Казахстана. Немногочисленная

национальная интеллигенция, воспользовавшись этой ситуацией, начала борьбу за независимость и свободу, за пробуждение народа от векового сна, за избавление от двойного гнёта: колониального ига царизма и местного патриархально-родового насилия.

Интеллигенция выводила народ на дорогу независимости, анитировала за получение знаний, занятия наукой и искусством.

В этом процессе не последнюю роль играла казахская литература, вносящая свой вклад в отображение жизни казахского народа и защиты его

интересов.

В начале XX века в Казахстане складывается сложная политическая и общественная обстановка. Первая русская революция 1904-1907 годов, первая мировая война, освободительное движение казахов 1916 года, развитие капитализма и, наконец, Великая Октябрьская революция явились важными вехами новой истории казахского народа.

Быстрое развитие новых тенденций в общественной жизни, с одной стороны, и наличие крепких устоев феодальной старины с другой, создали довольно сложную обстановку и в литературе.

В условиях обостряющейся классовой, идеологической борьбы все резче становится и размежевание в среде писателей, открыто и прямо выражают они свои общественные, классовые симпатии и антипатии. Идеализация прошлого, проповедь ислама, поддержка антинародной политики самодержавия – основные мотивы произведений представителей реакционного течения в литературе начала XX века.

Но магистральная линия развития казахской литературы пролегла в стороне от этого направления. Виднейшие представители демократического направления в казахской литературе XX века – Мухамеджан Сералин, Султанмахмут Торайгыров, Сабит Донентаев, Испандияр Кубеев, Асет Найманбаев, продолжая традиции Абая Кунанбаева, традиции русского реализма, в своих произведениях и в демократическом журнале «Айкап» высмеивали пережитки патриархально-родовых отношений, религиозный фанатизм, боролись за социальное равноправие, выступали против колониальной политики царизма и капиталистической эксплуатации, призывали народ к просвещению, оседлости и земледелию, ставили вопрос об эмансипации женщины.

(Продолжение на 14 стр.)



ДИН МЕН ДӘСТҮР- ДИҢГЕГІМ!

Дін мен дәстүр зайырлы қоғам келісі

Біздің зайырлы мемлекет «дінсіз мемлекет» деген сөз емес. Зайырлы мемлекетте дін теріске шығарылмайды, керісінше, діни сенім бостандығы қамтамасыз етіледі. Әркімнің өз қалауына сәйкес діни сенімді ұстануға немесе ұстанбауға еркі бар. Біздің Қазақстан қоғамы руханилыққа ерекше жақын, ол халықтың дінге деген ықыласынан да көрінеді. Еліміздегі мемлекет құраушы қазақ халқының ата діни ислам екені баршаға белгілі. Мемлекет азаматтары болып табылатын еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің де басым көпшілігі ислам дінін ұстанады. Сондықтан халық үшін маңызды болған рухани құндылықтар мемлекет үшін де маңызды.

Сөзімізді соңғы кездері дәстүрлі емес діни ағымдарды мазалап жүрген дін мен дәстүр сабақтастығы тақырыбына ойыстырсақ. Зайырлы мемлекет үшін бұл тақырып несімен маңызды? Дін мен дәстүр үндескенде дін дамиды, дәстүр байиды, ал ұлт діннің рухын сезініп, құндылық ретінде қабылдайды. Баршаға белгілі, ислам діні мен қазақ салт-дәстүрлері ғасырлар бойы өзара кірігіп, ажырамастай болып тамырласып кетті. Біздің рухани құндылықтарымыз – ата дініміз бен дәстүріміздің терең тамырлы байланысының тағылымды туындысы. Сондықтан дін мен дәстүр бірлігі – өткеніміздің тарихы, болашағымыздың кепілі. Дәстүрлі құндылықтар – қазіргі зайырлы қоғамдағы әлеуметтік-саяси қатынастарды реттеуші және ішкі саяси үдерістерді тұрақтан-

дырушы негізгі факторлардың бірі. Бұл факторға Қазақстан қоғамы ғана емес, бүкіл әлемдік қоғамдастық, соның ішінде, әсіресе, тарихи тағдыры өзімізбен ортақ ТМД-елдері баса назар аударуда. Қазір кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте ел тұтастығын сақтау мақсатында дәстүрлі құндылықтарды жаңғыртудың қарқынды үдерісі жүруде. Құндылықтар кешені бір-бірімен тығыз байланысты. Бір ғана мысалға жүгінейік. Дін құндылықтарының төресі – бейбітшілік пен келісім. Өйткені, бейбіт өмір ғана дін адамына Жаратушының алдындағы пенделік міндеттерін орындауға мүмкіндік береді. Ал зайырлы қоғам тұрғысынан қарасақ, бейбітшіліктің маңызы тіпті өлшеусіз. Дін ісі де, дүние ісі де бейбітшілік жағдайында ғана көгеріп-көктейді. Осыны түйсіну өз кезегінде отансүйгіштік сезімдерге тәрбиелеп, елдік мұраттарға жетелейді. Себебі, тыныштық, тұрақтылық пен татулық тек заңдылыққа, тәртіпке, жүйеге негізделген біртұтас құрылым – мемлекет аясында ғана орнайды. Сондықтан да, исламда: «Отанды сүю – иманнан» делінеді, дінге қызмет – елге қызмет деп бағаланады.

Дін мен дәстүрдің үндесуі осыдан XIII ғасыр бұрын бабалар жүрегі иманға ұйып қабылдаған Ислам діні арқылы әрбір халықтың, ұлттың өзіндік құндылықтары және ерекшеліктері – әдет-ғұрпына көңіл бөлген. Дін мен дәстүрдің қоғамдағы алатын орны жоғары, ұлттық құндылықтар дұрыс қалыптасу үшін де атқарар маңызы өте зор. Жал-

пы Ислам діні – адамдық ізгі қасиеттерімізді асқақтатса, салт-дәстүр – ұлт болып қалыптасуымыз үшін қажет. Тарих және уақыт елегінен өтіп олар шым-шымдап сіңген шариғат дәстүрлерімен біте қайнасып кетті. Осылайша шариғат заңдарына қайшы келмейтін қағидаттар мен ортақ бір қосынды дәстүр пайда болды. Қазақ тілінде «салт-дәстүр» мен «әдет-ғұрып» – сөз тіркестерінің мағынасы бір. Біз салт-дәстүр деген сөзімізді әдет-ғұрып деп те қолданамыз. Әдет-ғұрып араб тілінен енген сөз. Әдет деген сөзден әдетке айналған нәрсені

жеткенге шейін орындауға болады. Сүннет бойынша ер балаға екі қой, қыз балаға бір қой сойылу керек. Сүннет бойынша баланың ата-анасы ақиқа күні қиылған шашты өлшеп, сол мөлшердегі күміспен садақа ету керек. Қазақ дәстүрінде Ақиқаны – «Қалжа» дейді.

Ислам діні мен қазақ салт-дәстүрлері арасында ғасырлар бойы орныққан үйлесімділіктің шырқын кешегі атеистік қоғам – Кеңестер Одағы да бұза алған жоқ. Жаһандану үдерісі белең алған бүгінгі күні өкінішке орай сол табиғи үйлесімділікке сына қағып, шабуыл

алып келген діни бостандығын пайдалана отырып елімізге лек-легімен кіре бастады. Өбден қаталап шөлдеген адамға не берсеңде талғамай іше береді немесе қарыны шұрқырап, аштықтан бұратылып жатқан біреуге не берсең де талғамай жейді... Сол секілді өбден руханиятқа шөлдеген халық олардың дұрысынан бұрысын бөліп жарып жатпастан бүтіндей қабылдай берді. Оған қоса «Соқыр тауыққа бәрі бидай» демекші ақ пен қараның аражігін ажырататындай діни сауаты да болмады. Сол кезде тұқымы

түсінеміз. Ал, ғұрып сөзінің араб тілінен аударғандағы мағынасы – ақылға қонатын, танымдылықпен таңдалған, біліммен бекемделген дегенді білдіреді. Сәбидің дүниеге келуінен бастап, адам баласының ақтық сапарға аттандырғанға дейінгі аралықта қазақ халқында жасалынатын салт-дәстүрдің Ислам дінімен біте қайнасқан екендігін анық байқауға болады. Дін мен дәстүр – қашан да бір-бірімен сабақтас ұғым екенін байқайсыз, екеуі егіз тақырып десек те болады. Мысалы: халқымызда жарық дүние есігін шыр етіп ашқан сәбиге есім беру рәсіміне қатысты өзіндік дәстүрі мен салт-жоралғысы бар. Азан шақырып, ат қою кезінде кішкене сәби болашақта сыйлы, құрметті, үлкен азамат болсын деген ниетпен ырым етіп, сәбидің ата-анасы жасы үлкен, сыйлы адамға қолқа салады. Ал, Ислам шариғаты бойынша да туылған баланың құлағына азан шақырып ат қою – сүннет. Сол дәстүр қазақтың әр бір отбасында сақталып, осы күнге дейін жалғасын тауып келеді.

Сәби дүниеге келгенде сойылатын малды «ақиқа құрбаны» деп айтады. Шариғат бойынша: Нәрестенің үлпілдек шашын «ақиқа» дегендіктен, осыған байланыстырып шалынатын малды да «Ақиқа құрбаны» деп атаған. Ақиқа құрбаны перзент сыйлаған Алла Тағалаға шүкіршілік білдіру ниетімен шалынады. Шариғаттағы үкімі – мубах, яғни дүниеге келген нәрестені үшін мал шалу әр ата-ананың өз еркіндегі іс. Бұл баланың ата-анасындағы ақысы саналады. Бала туған соң жеті күннен бастап балиғат жасына

жасау фактілері кездесіп отыр. Қазақты исламға жаңа кірген ел секілді көрсетіп, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрді, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп т.б. ғұламалар жүрген сара жолды жоққа шығарғысы келеді. Қазақ руханиятының күре тамырын қыркуға бағытталған арандатушы әрекеттерге барып, дәстүрлі құндылықтарымыздан айырғысы келетін сұғанақ көздер де жоқ емес.

Бәрімізге белгілі болғандай қазіргі таңда қоғамда белең алып жатқан діни ағымдар мен дәстүрімізге жат пікірлі топтар көп. Бұлардың барлығы тәуелсіздік алғаннан кейін елімізге ағылып келе бастады. Ол кезеңде дінсіздіктің шырғауынан енді ғана босып шыққан мемлекетіміздің дәстүрлі діни ахуалы руханиятқа шөліккен халқымыздың сұранысына толыққанды жауап бере алмады. Себебі сол жылдары діни білікті мамандар жоқтың қасы болған, сонымен қатар асыл дінімізді үйретіп, мамандар дайындайтын медреселер мен оқу орындары да болмады. Осылайша бір құдіреттің бар екенін іштей сезінетін адам баласы осынау тоқырау заманда әр нәрсені өзіне пір тұтып, сәуегейлер мен балгерлерге сене бастады. Ырым-қырым қуалап, тәуіптердің етегіне жармасты. Сонымен қатар діни сауаты қалтқұлт етіп дінсіздіктің құрсауынан зорға шыққан адамдар мешіттерге имам болды, тіпті екі-үш сүрені тілі күрмелсе де жаттап алғандар молда болып жатты. Әрине бұлар руханиятқа ашыққан халықты қанағаттандыра алмасы анық еді. Міне, дәл осы тұста жан-жақтан небір ағымдар мен мәнәһатар тәуелсіздіктің

егілген теріс ағымдардың ащы жемісі қазіргі қоғамда көзге түсіп көрініп жатыр.

«Саясат күнде өзгереді, ал дін – мәңгілік!»-деп атап өткендей, діни құндылықтар сол күйі қалады. Ал дін қоғамға ұдайы өз өзгерісін тигізіп отырады. Дәстүрсіз ел болмайды, ежелден саралап келген құндылықтарымызды жоғалтсақ, мәдениетімізді жоғалтамыз. Мәдениетсіз халық, жабайы, тұрпайы халыққа айналады. Өткен заманда салт-дәстүрді сақтамаған адамдарды «салтын білмеген сауапты түсінбейді» деп заң негізінде жазалап та отырған. Қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр мен әдеп-ғұрып бұлжымас заң рөлін атқарды. Құран-Кәрімде Алла Тағала ешқашан да әр ұлттың өз салтына тыйым салмаған: «Ей адамдар! Мен сендерді бір еркек, бір әйелден жараттым және сендерді бір-бірлеріңді білсін деп сендерді ұлттар және ұлыстар етіп жараттық», - дейді. Бұл аяттардың астарында ұлттар мен ұлыстардың өзара бірлігі мен салт-санасына құрметпен қарау жатыр. Ұлт болғасын оның өзіне тән салты мен ғұрпы болары анық. Ислам ұлттық салт-дәстүрді жоққа шығарады немесе қабылдамайды деген пікірлер ата дінімізді жете түсінбегендіктен туады. Дәстүрге теріс көзқараспен қарау және оны жоққа шығару тек бір ұлттың тамырына ғана балта шабу емес, дінді бұзушылық болып та табылады. Еліміздегі дәстүрлі Ислам діні Қазақстан халқының дәстүрлі құндылықтарына қарсы емес, керісінше игілігіне, ел бірлігіне қызмет ету керектігін түсінуіміз қажет.

Өз тілшіміз.

Дәстүрімізде жоқ мереке

Әр жыл сайын дәстүрімізде, тіпті дінімізде жоқ мерекені тойлайтындар саны көбеюде. Оған себеп, батыс мемлекетіне еліктеп, сана-сезіміміздің біртіндеп улануы. Атап айтар болсақ, «Хэллоуин» мерекесін дәстүрлі түрде тойлап жүрген жастарымызға қарап көңіліміз құлазиды.

Бұл мереке пұтқа табынушылардың ойлап тапқан дәстүрі еді. Былайша айтқанда, мұны тойлайтындар өлген адамдардың аруақтарын шақыра отырып, олардың жанына

тыныштық беру үшін үйлерді аралап, тамақ сұрайды-мыс. Мұның өзі бізде айтылмақ түгілі ойлан-дырмайтын дүние.

Алайда, қазіргі заманға дейін түрлі өзгерістерге ұшыраған бұл мерекенің бүгінгі ұстанымы тіптен өзгеше. Оған мысал, мұхиттың арғы жағындағы еріккендер тойлайтын, бет-әлпеттеріне түрлі бояулар жағып алып, жын-шайтан кейпіне түсіп көшедегілердің үрейін ұшырып жүрген жастар.

Былтыр Оңтүстік Кореяда «Хэллоуин» тойлауға шыққан жұрт көшеге лық толып, арты үлкен

апатқа ұласқан. Көшеде ине шаншарлық орын қалмай 150-ден астам адам қаза тапты. Соның ішінде көбі 10-30 жас аралығындағы жастар. Белгілі болғандай, көз жұмғандар арасында Қазақстан азаматы да бар болып шықты.

Ең сорақысы, біздің қаламызда аты жаман мерекені тойлау үшін түрлі мейрамханаларда ұтыс ойындары ойнатылып, жат елдің дәстүрін дәріптейтіндер шықты.

Тарихты ақтарар болсақ, аталмыш мейрамның халыққа



берер жақсылығын көру қиын. Жастарымыздың көпшілігі имандылыққа бет бұрып, арақ-шарап ішуден, нашақорлықтан бас тартып, салауатты өмірге бейімделсе дейміз. Сондықтан да мұндай

жат мейрамдарды тойлауға заңмен қатаң тыйым салынуы керек деп ойлаймын.

Айғаным АЙТМҰХАН,
журналист.

Ұлттық болмысты тану маңызды

Көрнекті ғалым әрі саяхатшы Шоқан Уәлихановтың: «Бұл дастан-шежіренің барлығы – ішіндегі айтылып отырған оқиға, мақал-мәтелі, халық әдеті қазақ халқының өткен тарихи және рухани өмірін суреттейді, қазақ тарихын жазу, оның шығу тегін анықтау үшін таптырмайтын тарихи дерек». Бүгінде бұл сөздердің мәні мен мағынасы арта түсті.

Шежіре – ғылым тұрғысынан өте кешенді әрі терең ұғым. Генетик ғалым ретінде шежірені зерттеуді заманауи ғылым деңгейіне шығаруда тарихшы, археолог, антрополог, биоинформатик ғалым әріптестерімен бірге он жылдай еңбектеніп келемін. Осы орайда аса маңызды әрі қызықты зерттеу нәтижелерін көпшілікке жария ету орынды деп есептеймін.

Генетикалық зерттеулеріміз шежіренің астарында миф жатпағанын, оның көп дерегі тарихи шындыққа жанасатынын дәлелдеді. Қазақ руларының негізін қалаушы аталардың көпшілігі генетикалық шығу тегі жағынан Жошы ұлысы хандарының әмірлері мен бектерінен бастау алатыны айқындалды. Бірақ генетикалық тамыр одан да терең екенін көрсетеді. Бұл аталардың арғы тегі Еуразияның әртүрлі халықтарымен туыстығын байқатты. Әрине, Орталық Азия ұлы тарихи көші-қонның тоғысқан жерінде орналысқан. Соның нәтижесінде қалыптасқан генетикалық әртүрлілік бүгінде Орталық Азия халықтарының бойында сақталған. Ол біздің ортақ тегімізді айқындайды әрі ортақ мәдени мұрамыздың белгісі болып саналады.

Сонымен қатар шежіре жеті атамен шектелмейді. Арғы әжелеріміздің есімдері дәстүрлі шежіреде қамтылмаса да, олардың генетикасы біздің бойымызда сақтаулы және сол арқылы біз әлемнің әр түпкірімен генетикалық туыстығымыздың бар екенін байқаймыз. Жалпы алғанда, жетінші ұрпақ бойында 128 ата-әженің генетикасы бар. Қазақтың жақыннан қыз алыспау дәстүрін ескере отырып, 128 ата-әже әртүрлі ру-тайпалардан тұрғаны күмән жоқ. Генетикалық зерттеулер оны анық көрсетеді: солтүстікте не оңтүстікте, шығыста не батыста, болмаса орталықта тұратын қазақ қандай ру-тайпадан шықса да геномдық тұрғыдан араларында ешқандай айырмашылығы жоқ – біртекті генофонд және оның біртұтас генетикалық қауымдастық ретінде қалыптасып бітуі Ұлы Жошы ұлысы және Қазақ хандығының құрылу кезеңімен тура келеді. Ал генетикалық тұрғыдан қазақтың қалыптаса бастауы ерте заманнан басталады. Ол



археологиялық қазбалардан шығатын сүйектерде сақталған көне ДНҚ зерттеулерінен белгілі. Мысалы, шығыс скифтер қорғанындағы сүйектерден алынған көне ДНҚ олардың қыпшақ тілдес халықтарымен генетикалық сабақтастығын көрсетті. Еліміздің солтүстігінде ораналасқан энеолит дәуірінің Ботай тұрағынан табылған адам сүйегінің әке жақтан генетикасы бүгінде қазақ популяциясында кездеседі.

Бұл тың ғылыми жаңалықтарға қол жеткізу соңғы бес жылдықта мүмкіндік арта түсті. 2019 жылы білім және ғылым саласына арналған тамыз конференциясында мен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың алдында тұрып, ғылыми қауымның мұң-мұқтажын талап-тілегін жеткізген едім. Содан бері Президенттің тікелей қолдауымен ғылымда көп мәселе шешіліп келеді: қаржыландыру үш есе артты, соның ішінде іргелі ғылым ошақтарына тікелей қаржы беріле бастады, жетекші ғалымдарға тұрақты жалақы бөлінді, гранттарға конкурс үш жылда бір рет емес, жыл сайын жарияланатын болды, соның ішінде жас ғалымдарға арнайы гранттар қарастырылды, шетелде үздік ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтуге жыл сайын 500 ғалымға мүмкіндік беріледі. Ұлттық ғылым академиясының мәртебесі жоғарылап, Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес жұмысын бастады. Бірақ кейбір міндеттер әлі жүйелі түрде орындалған жоқ. Мемлекеттік басқарудағы бюрократия мен бітпейтін келісімдерді жинау көптеген игі бастаманың тежегіші болып отыр. Бүгінгі заман талабы мәселелерді жедел шешу үшін барлық деңгейде өкілеттілік пен жауапкершілікті арттыру керек, әсіресе ғылым саласында. Қарқынды дамып келе жатқан әлемдік ғылыми ойға біздің ғалымдар уақтылы ілесе отырып, серпінді зерттеу жүргізуге мүмкіндік жасау үшін ғылым саласындағы бірнеше мәселеге назар аударғым келеді.

Бірінші – 2022 жылы Президент еліміздің барлық мемлекет-

тік ғылыми мекемелері мен жоғары оқу орындарын Ғылым және жоғары білім министрлігіне беру мәселесін пысықтауды тапсырды. Наукометриялық сараптама бойынша негізінен Ғылым және жоғары білім министрлігінің құзырындағы мекемелер Қазақстанның халықаралық ғылым рейтингін көтеріп тұр: жоғары деңгейдегі халықаралық жарияланымдарда шыққан ғылыми мақалалар саны басқа министрліктерге қарайтын ғылым ошақтарына қарағанда 150 есе көп, басқа ведомстволардың үлесі аз, ғылыми мекемелердің хал-ахуалы төмендеп кеткен. Еліміздің бар ғылыми әлеуетін Ғылым және жоғары білім министрлігіне шоғырландыру уақыт күттірмейтін өте орынды бастама. Соны іске асыру керек. Әр саланың ғалымдары осы шешімнің орындалуын асыға күтіп жүр. Осы мәселе бойынша Мемлекет басшысына хат жолдаған ғалымдар да бар. Бұл ғылым саласында біртұтас мемлекеттік саясатты қалыптастыру үшін шынымен де аса қажет.

Екінші – Қазақстанның ғылыми көкжиегін кеңейтуге арналған президенттік бағдарламаны қабылдау қажет. Ол қазақ ғалымдарының адамзат табиғатын және әлемді танудағы халықаралық ғаламат жобаларға қатысуға және бастауға мүмкіндік береді. Ол үшін қазақ ғалымдарына зерттеу жүргізуде шетелдің ғалымдармен тең жағдай жасау керек. Тек сонда ғана біз бәсекеге түсе аламыз. Өкінішке қарай, елімізде ондай жағдайға жету үшін әлі бірталай уақыт пен дұрыс бағыттағы реформалар іске асуы қажет. Бірақ бүгін ғылымда жүрген жас ұрпақ өз әлеуетін жоғалтып алмас үшін осы бағдарлама аясында Қазақстанға аса қажетті әрі нақты нәтижесі бар ғылымның басым бағыттары бойынша әлемнің жетекші ғылыми орталықтарымен келісімге келіп, біздің ғалымдар сол жерде ұзақ мерзімге орналасатын отандық лабораториялардың филиалын ашу орынды шешім болар еді. Бұл ұсынысты қазір шетелде жүрген қазақтың дарынды ғалымдарын тікелей

қолдаудан бастап, төңірегіне отандық ғалымдарды топтастыру арқылы жақын арада іске асыруға болады. Ғалымдарға бөлінетін тағылымдаманың бір түрі ретінде үшжылдық ғылыми топтарға арналған тағылымдаманы енгізген дұрыс болар. Екінші жағынан шетелдік жас талантты ғалымдарды Қазақстанның ғылыми орталықтарына тартуға арналған постдокторантура бағдарламасы қажет. АҚШ, Германия, Қытай, Оңтүстік Корея сияқты елдер осындай бағдарлама аясында өздеріне бүкіл әлемнен талантты жас ғалымдарды таратады. Сонымен қатар еліміздің ғылыми көкжиегін кеңейтуге Ұлыбритания, АҚШ және Жапония үлгісі бойынша Қазақстан елшіліктерінде ғылыми атташе лауазымын құрып, ғылыми дипломатияның кеңінен дамуына жол ашқан да абзал.

Үшінші – Ұлттық ғылым академиясының қайтадан жоғары мәртебеге ие болуы дербес заңды форманы талап етеді. Кезінде білім саласында тез арада халықаралық деңгейдегі білім ошағын ашу мақсатында Назарбаев университетіне дербес білім беру ұйым формасы берілген болатын. Нәтижесінде, бүгінде еліміздің білім драйверіне айналып келе жатқан, түлектері бетке ұстар мекемені көріп тұрмыз. Осы тәжірибенің ең ұтымды жақтарын ала отырып Ұлттық ғылым академиясының заңдық формасын дербес ғылым жүргізу ұйымы ретінде қабылдап, Назарбаев университетіне бөлінген қаражат шамасындағы сома академияға бөлінсе жөн болар еді. Ол Ұлттық ғылым академиясының Қонаев қаласында заманауи ғылыми қалашығын, жаңа ғылыми орталықтарын салуға жұмсалғаны абзал. Бұл жерде келешек ғылыми сауатты ұрпақты, болашақ қазақтан шығатын Нобель сыйлығының лауреаттарын тәрбиелеуге мүмкіндік тұмақ.

Төртінші – қазір мега гранттардың қажеттілігі байқалып отыр. Бұл – дүние жүзінде бар оң тәжірибе. Мұндай мега гранттар тек Қазақстанның мүддесі үшін жүргізілетін зерттеулер емес, ол адамзат баласының дауына ықпал ететін жаһандық зерттеулер болуға тиіс. Міндетті түрде халықаралық жетекші ғылыми топтардың қатысуымен және отандық жаңа ғылыми мектептің қалыптасуына арналған болуы керек. Мәселен, біз айтқан Орталық Азия халықтарының шежіресін, яғни генофонд және тарихын зерттеуді кешенді түрде тек осындай мега грант аясында ғана іске асыруға болады. Өйткені ол пәнаралық бағытты дамытуды қажет етеді. Заманауи ғылым бағыттары – палеогенетика, палеопротеомика, биоинформатика және радиоизотоптық хронология дәстүрлі тарих, гене-

логия, археология және антропология зерттеулерін әлем жаңа деңгейге шығарып жатыр. Физиология және медицина бойынша 2022 жылғы Нобель сыйлығы археологиялық зерттеулер барысында табылатын сүйектерде сақтаулы көне ДНҚ-ны зерттеудің пионері, профессор Сванте Пабоға жойылып кеткен гоминидтердің геномдары мен адам эволюциясы туралы зерттеулері үшін берілді. Еліміз аумағында сан алуан тарихи кезеңдерге жататын археологиялық ескерткіштер бар. Бірақ олар кешенді түрде Қазақстанда заманауи ғылым бағыттарымен елімізде зерттеліп келе жатқан жоқ. Археологиялық зерттеулердің өзі біртұтас жүйемен жүргізілмейді. Археологиялық лицензияны алып алған кәсіпкерлер мәдени мұрамызды құртып келеді. Антропологиялық ғылыми мектептің қалыптасуы кемшін. Сондықтан бүгін елімізде заманауи генетикалық, палеогенетикалық, изотоптық, радикарбондық әдіс арқылы сүйектің жасын анықтайтын және физикалық антропология лабораториялардың болуын, кешенді биобанк инфрақұрылымын қажет етеді. Археологиялық қазбалардан табылатын барлық сүйекті бір жерде тиянақты сақтап, жан-жақты сипаттап зерттеуге арналған Археологиялық ұлттық қойманы ашуды талап етеді. Он жыл бұрын әріптесім Жақсылық Сабитовпен бірге осы бағыттың маңыздылығын сол кездегі Мемлекеттік хатшыға жеткізген едік. Нәтижесінде, елімізде Генетика институтында популяциялық генетика лабораторисы ашылды, шетелдік ғалымдармен тығыз селбестікте алғашқы палеогенетикалық зерттеулер жасала басталды. Сонымен қатар бүгін қазақ шежіресін зерттеуде Ұлттық биотехнология орталығы, Назарбаев университеті, М.Айтқожин атындағы Молекулалық биология және биохимия институты да жұмыс атқарып келеді. Осы бағытта жинақталған ғылыми әлеуетті мемлекет тарапынан жүйелі түрде біріктіріп, Орта Азияда бірден-бір заманауи Археогенетика институтын ашуды мега грант және пәнаралық мета-зерттеулер аясында жоспарлау қажет.

Ойымызды мына бір тұжырыммен аяқтағым келеді. Шежірені кешенді зерттеу – ұлт тарихын, алыс-жақын көрші халықтармен тамырлас туыстығымызды және мәдени мұрамызды терең білу. Кешегі тарих, ауызша жеткен шежіре, генетика және заманауи ғылым ұлттық болмысты тануда бағдар бола алады.

**Мақсат ЖАБАҒИН,
Ұлттық құрылтай мүшесі.**

Жастар – қоғам драйвері



Жұмыссыздар жайы алаңдатады

Жастар – ел болашағы. Бұл сөз жаттанды, әркім үшін жауыр болған тіркестей көрінер. Үңілсеңіз үлкен үміт пен сенімді көресіз. Елдің келешегін гүлдендіретін де, түрлендіретін де азаматтарды бүгін тәрбиелеп жатқанымыз еске түсер. Ал олардың қазіргі жүрісі сізді алаңдата ма? Оқуын енді аяқтаған жастар жұмыстағы тәжірибе сұрайтынымыз, ал оқып жүріп жұмысқа араласамын дегеннен дипломды нұсқайтынымыз бар. Жұмыссыз жастар жөнінде әңгіме кейінгі кезде жиі қозғалып жүр.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нартай Аралбайұлы «Ұлттық статистика бюросы Қазақстан халқының небары 4,9 пайызы жұмыссыз деген мәлімет береді. Анығында солай ма? Елімізде NEET санатындағы жастар саны – 422 000. Сонымен қатар, 400 000-нан астам өреніміз өзін-өзі жұмыспен қамтыса, жұмыссыз жастар саны 80 000-ды құрап отыр. Яғни, бас-аяғы 900 мыңнан астам жас азамат тұрақты жұмыспен қамтылмай отыр деген сөз. Құзырлы органдар статистиканы үшке бөліп, жұмыссыз жастардың нақты санын жасырып қалып жатыр. Бұған қоса, өз елінде екі қолға бір күрек таппай, шет ел асып, жұмыс іздеп кетіп жатқан жастар мәселесі тағы бар. Ресми статистикаға сәйкес былтыр Оңтүстік Корея мемлекетіне 9 600 жас азамат жұмыс іздеп барды дегенімізбен, анығында аталған елдегі жастарымыздың саны 20 мыңнан асып отыр. АҚШ-та, Еуропада мыңдаған жас азаматымыз жұмыс істеп жүр. Бір ғана мысал, Street Workout-тан жеті дүркін әлем чемпионы, ақтаулық Ильдар Ягьяев Ұлыбри-

танияда қырыққабат, брокколи теріп жан бағуға мәжбүр.

Бұл – біз үшін ауыр сын. Жастар шетелге кетіп жатса, оны басы артық статистикаға бүркемелемей, мәселені шешу жолын табу керек», – деді «AMANAT» партиясы жанындағы республикалық Жастарды қолдау кеңесінің отырысында.

Рас, әлеуметтік желі арқылы жиі байланысқа шығып, шет мемлекеттегі жұмысын көрсетіп, табысын да жасырмайтын жастар бар. Олар айналырған 2-3 айда қалтаға мол қаржының түсетіндігін айтып, көріп отырғандардың да ойын сан-саққа жіберетіндігі анық. Өз мамандығы бойынша жұмыс таппай, басқа салада еңбектеніп жүргендері де қаншама?! Білім саласындағы таңдауға келгенде көп жас өз еркін, ебін бағамдай келетіндей көрінеді.

Жалған ақпараттың салдары туралы айтқанда, біріншіден, бұл азаматтардың экономикалық қауіпсіздігіне байланысты. Мысалы, әлдебір банкте депозитте ақша болса, ол банк жабылайын деп жатыр деген ақпарат тараса, сіз ақшаңызды түгел шешіп аласыз және депозиттегі үстеме ақыңыз да жойылады. Тіпті банк банкротқа ұшыруы мүмкін. Екінші салдар, денсаулыққа қатысты. Коронавирус пандемиясы кезінде түрлі шөптермен, адыраспанмен, жемістермен емделуге болады деген ақпарат тарайды. Соның салдарынан осындай жолмен емделемін деп бақилық болып кеткендер де болды. Қанды Қаңтар кезінде саяси фейктер таралды. Мысалы, “Назарбаев өліп қалды”, “Қазақстанның қашып кетті” деген ақпараттар болды. Бұның да халықтың еңсесін түсіруге немесе керісінше, еңсесін көтеруге жасалды. Әлдебір топтардың күш алуына берген болуы керек. Сонымен қатар бұл қылмыстық жаза, яғни құқықтық негіз. Жалған ақпарат тарату және қасақана ақпарат тарату деген баптар бар.

Алақөл ақпарат.

МЕМЛЕКЕТ ТЕ МЫҚТЫ БОЛАДЫ

Азаматтардың қоғамдық өмірдегі белсенділігін көрсететін бірнеше белгі бар. Әрбір азаматтың қоғамдық өмірге атсалысуы, ерікті ретінде қаншалықты жиі қызмет атқаратыны маңызды. Сонымен қатар е-Gov порталында ашық құқықтық-нормативтік актілер, ашық бюджет, ашық диалог бөлімдері бар. Сол жерде азаматтар өз ұсыныстарын, пікірін айта алады. Бұл да азаматтық қоғамның белгісі. Мұндай халық пікірін жинап, саяси шешім қабылдау тәсілін краудсорсинг деп атайды.

Билікте ел игілігі үшін дұрыс жұмыс істейтін адамдар қызмет етуі керек. Ондай адамдарда қара бастың қамы, байлығы, отбасы, туған-туысының жағдайы алдыңғы орында тұрмауы тиіс. Кезінде Алаш қайраткерлері қара басының қамын ойлаған жоқ. Бастарын бәйгеге тігіп, өмірін еліне арнады. Осындай азаматтар бүгін де билік басында отырса, елді дамытамыз деп жанын салатын еді. Жалпы, жаныма «мемлекет» сөзінен гөрі «ел» деген сөз жақын. Меніңше, мемлекет ұғымы билікке жақын. Халық пен мемлекет ұғымы үйлесім тапқан кезде ғана ел дәрежесіне көтеріледі.

Билік «Үш тұғырлы тілді» алға тартады. Құптаймын. Бірақ ел басқарып отырған азаматтар да үш тілде сөйлей білгені әділ болар еді. Өйтпегені қызметінен босатылсын. Дейтұрғанмен, «билікке төуелдіміз, бәріне билік кінәлі» деген түсінікті де құптамаймын. Ол – зиялы қауымға да қатысты. Қазіргі зиялылар билікке төуелді. Атақ, ақша, баспана аламыз деп ұмтылады. Ондай зиялы қауым – зиялы қауым емес. Себебі халықтың санасын оятатын ең алдымен осы зиялылар болуы шарт еді. Ұлтқа үлгі болатын да солар. Өкінішке қарай, олай болмай тұр. Ел билікке емес, осы зиялы қауымға төуелді болуы керек еді. Билік – уақытша, зиялы қауымның беделі мен еткен еңбегі – ғасырдан-ғасырға жалғаса бермек. Зиялы қауымның ұстанған бағыты дұрыс болса, билік соларға қарап дұрыс қадам жасайды. Зиялы қауым болмаса, билік ойына келгенін істейді. Демек, билікті ғана кінәлай бермей, оны жөнге салатын зиялы қауымымыз қайда деген сұрақты да қоя білу қажет.

Зиялы қауым кері кеткенімен, атқарушы биліктегілер арасында азаматтық қоғамды дамытуға шын мәнінде мүдделі азаматтар да бар. Жоқ деп айта алмаймын. Десе де, жемқорлыққа белшеден батқандары да бар екенін мойындауымыз керек. БАҚ-та, әлеуметтік желілерде шенділердің парақорлығы туралы жиі айтылады. Соған қарап халық санасында екінің бірі, егіздің сыңары парақорға айналды. Көбейіп кеткендей көрінеді. Бізге ондай үлгінің қажеті жоқ. Ісіне адал, сөзіне берік азаматтарды да айшықтап отырғанымыз жөн болады. Ондайларды қолдап-қолпаштап, қызметінің жоғарылауына мүдделі



болуымыз керек. Елімізде меритократия жетіспейді. Осы бағытта жұмыс жасаған жөн.

Атқарушы билік азаматтық қоғамның дамуына мүдделі емес деуге болмайды. Өйткені сыртқы қауіп-қатерлер тек азаматтарды емес, билікті де ойландыруы керек. Бүгінде ақпарат айдынында дүрбелең шығару оңай, бәрін ойлап табуға болады. Сондықтан азаматтық қоғамның дамуына атқарушы билік органдары мүдделі болуы керек. Өйткені азаматтық қоғамның дамуы биліктің қолын ұзартады. Ауыл-аймақтағы, жергілікті деңгейдегі мәселелерді азаматтық белсенділік арқылы шешуге мүмкіндік алады. Бүгінде «үшінші сектор» саналатын үкіметтік емес ұйымдардың негізгі мақсаты да осы болуы қажет. Алайда еліміздегі аталған ұйымдар үкіметке төуелді болып отыр. Ең алдымен, олар үкіметтің нұсқауымен емес, өздері құрылуы керек. Үкіметтік емес ұйымдар әлеуметтік, мәдени мәселелерді шешуге негізделуі шарт, олардың жұмысының саясаттандырылмағаны дұрыс. Олардың негізгі функциясы – қоғамды әлеуметтендіру, халықты рухани сауықтандыру. Ол адам ағзасына жас қан жүгірткендей, қоғамның саналы бірігуіне алып келуі керек. Үкіметті сынай бергенше, оның қолы жетпей жатқан міндеттердің біразын өзіне алуы керек.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жол-дауында айтқан «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы да қоғаммен байланыстың маңызды екенін көрсетіп отыр. Бұл формуладан халықпен кері байланыстың маңызды екенін, азаматтармен кері байланыс арқылы олардың сеніміне ие болатынымызды көріп отырмыз.

Халықтың саяси мәдениетіне келер болсақ, егеменді ел болғанымызға 30 жылдан астам уақыт болды. Халық санасында әлі де әлеуметтену процесі жүріп жатыр. Біздің қоғамда ала да бар, құла да бар. Сондықтан бұл үлкен әрі ұзақ жолды жүріп өтуді талап етеді.

Осыған дайын, толық пісіп-жетілді демесек те, қазіргі кезде кейбір мәселелерге қатысуға, оларды түсінуге шамамыз келіп қалды. Барлығы шешім қабылдауға тіреледі. Өйткені қоғамдық мәселелерді талқылауларда пікірі ескерілмегеннен, шешім қабылданғаннан кейінгі әрекеттердің жан-жақты ойластырылмағандығынан азаматтардың бұл үдеріске секемденіп, сенімсіздікпен қарауға еті үйреніп кетті. Сондықтан олар белсенділікке көп жағдайда құлшыныс танытпай, қалыс қалып отырды.

Әрбір мемлекет, оның ішінде атқарушы орган азаматтық қоғамды дамытуға мүдделі. Өйткені азаматтық қоғам – серіктес. Өсіресе шешім қабылдау кезінде көптеген баламалы көзқарасты ұсынады. Ал серіктес ретінде шешімнің әрі қарай жүзеге асуына көмектеседі. Мемлекеттік органның барлығы белгілі бір мәселеге бірдей қарауы мүмкін, ал азаматтық қоғам институттары білім, медицина, әлеуметтік қорғау сияқты әртүрлі саладағы топтар болғандықтан жан-жақты көзқараста. Сонымен қатар олар жергілікті мәселелерді жақсы біледі. Осылайша диалог арнасы ретінде үкіметке, мемлекетке ақпаратты тез жеткізе алады. Атқарушы орган мұндай топтарды баламалы ақпаратты алу, ортақ шешім қабылдауға пайдалана алады.

Бүгінде мемлекет тарапынан есеп беру жүйесі қалыптасты. Яғни, үкіметтік емес ұйымдар осыған жауапты министрлікке қай бағытта жұмыс істеп жатқаны жөнінде арнайы базаға ерікті түрде есеп беріп отырады.

Бұл жұмыс елімізде «Үкіметтік емес ұйымдар туралы» Заңға сәйкес жүргізіледі. Яғни, барлық үкіметтік емес ұйымдар осы заң аясында жұмыс істейді. Негізгі мақсат – аталған ұйымдардың заң, жарғы аясында жұмыс жүргізуін реттеу. Сондықтан мемлекет тек үкіметтік емес секторды қолдай алады дер едім. Сондықтан мемлекеттің үкіметтік емес секторды қолдауы – атқарушы биліктің азаматтық қоғамды дамытуға деген мүдделілігін аңғартады. Бірақ мына іспен айналысуына болады,

ал мына іспен айналысуына болмайды деп кесіп-пішуін дұрыс деп есептемеймін.

Азаматтық қоғамды дамытпай – Қазақстанды гүлдендірудің өзге жолы жоқ. Азаматтық қоғамды дамытпайтын мемлекеттер де бар. Ол мемлекеттердегі халықтың экономикалық жағдайы тым нашар. Ондай мемлекеттер Азия мен Африкада көп те, Еуропада аз. Оңтүстік Америкада көп те, Солтүстік Америкада аз. Содан-ақ азаматтық қоғамның артықшылығын аңғаруға болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын жоғары бағалаймын. Көптен күткен ойлар айтыла бастады. Толық айтылды демеймін, бірақ басқаша бағыт аңғарылады. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы мен билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату мәселесі, азаматтық қоғамға қолдау көрсету мен азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажеттілігі айтылды. Барлық оң қадам дұрыс сөзден басталады. Ендігі күткеніміз – нақты қадамдар.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды. Оның өзі қоғамдық сенімнің жоқтығын айғақтап тұр. Сенім болған болса, кеңес құрудың қажеті не еді? Десе де, «ауруын жасырған өледі» деген бар. Мұны «ауруын жасырған ел дамымайды» деп түрлендірер едім. Ауыру – айтылды. Қоғамдық сенім жоқ. Тиісінше жоғарыда айтылған кеңесті құрдық. Ендігі ретте аталған кеңеске мүшелік етуге азаматтар шақырыла бастады. Кейбірі «сенім жоқ, беделім төмендеп қалады» деген желеумен бас тартты. Келмеген, тырыспаған адамнан не күтуге болады? Елін сүйген азамат абыройын емес, Отанының гүлденуін ойламаушы ма еді?

Жалпы, билік пен қоғам арасында жақсы диалог жолға қойылып келеді. Оған дәлел ретінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылуын, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын алға тартуға болады.

Мемлекет тарапынан қолға алынып отырған бастамаларға келетін

болсақ, 2016 жылы «Волонтерлік қызмет туралы» Заң қабылданып, 2017 жылы өткен ЭКСПО халықаралық көрмесінде еріктілер жұмыс істеді. 2019 жыл Жастар жылы деп белгіленіп, 2020 жылды Волонтер жылы деп жариялап отыр. Волонтерлік – нағыз демократиялық үдерістің көрінісі. Көріп отырғанымыздай, бұл мәдениетті қалыптастыру жастардан басталуы құптарлық жайт. Қазір көп жастарымыз шетелдерде оқыған, ғаламдық ақпараттық кеңістікте өмір сүріп жатыр. Жастар бәрін түсінеді, тек оларға дұрыс бағыт беру керек. Олардың бойында демократия мәдениетін қалыптастырып, соның заңымен өмір сүруге бағдарлау керек. Демократия ойыңа келгенді істеу емес. Демократия – нағыз еңбек екендігін мықтап ұғынып алған дұрыс. Ол басқа азаматтардың құқықтары мен бостандығына нұқсан келтірмей өмір сүруді, тіл табысуды білдіреді. Демократия – мемлекетіңді өзіңнің және басқалардың өмір сүруіне жайлы етіп дамытуға, осыған сай келетін қоғам құруға үлес қосу.

Басқа мемлекеттерде, мәселен Малайзияда, еріктілік пен скауттық қозғалысты үйлестіретін мамандарды университеттерде арнайы даярлайтын. Яғни, университеттердің құрылымында адамға көмектесуді үйрететін, оларды азаматтық белсенділікке тәрбиелейтін, білікті мамандар даярлайтын факультеттер бар. Әр мектепте осындай қозғалыстар мен ұйымдар жұмыс істейді. Оны осындай арнайы мамандықты игерген адамдар үйлестіріп отырады. Бізге де азаматтық қоғамның дамуына үлес қосатын дағдыларды үйретуді осы тұрғыда қолға алу керек. Одан кейін, өз сараптамасын жасап, ұсыныс білдірушілердің пікірін тыңдап, билік органдары оларды ынталандырып, серіктесі ретінде қабылдағаны жөн. Сол кезде ғана қоғам алға басып, оның азаматтарының белсенділігінің артары анық.

Волонтерлердің институты, жалпы олардың мемлекеттегі жұмысы азаматтық позицияның, азаматтық сананың ояңғанының белгісі. Қазір де көптеген қайырымдылық шаралары бар, оған қатысты заңның қабылдануы бұл саладағылардың әлеуметтік жауапкершілігін көрсетеді. Мемлекет тарапынан үкіметтік емес ұйымдарға гранттар, үлкен көлемде қаржы бөлінеді. Аталған бастамалар азаматтық белсенділікті көтереді. Бүгінгі ең басты мәселе үкіметтік емес ұйымдардың нақты бір бағыт бойынша маманданып жұмыс істеуі. Сонымен қатар форумдар мен талқылаулар бар. Халықты, жергілікті халықты шешім қабылдауға жұмылдыру керек.

Редакция алқасы.



ДАУА

**Салауатты
өмір салтына
арналған бет**

Балалар арасындағы жарақаттың алдын алу

Жарақат деп бала ағзасына сыртқы ортаның қандай да бір факторы аяқ астынан әсер ету нәтижесінен, тіннің анатомиялық бүтіндігінің бұзылуы және онда физиологиялық процестердің болуын айтады. Балалар жарақаты, ересектер жарақатына қарағанда анағұрлым кең тараған.

Балалар жарақатын қай жерде жарақат алған орнына қарай, бес типке бөлуге болады: 1) тұрмыстық (үйде, аулада, балабақшада болатын жарақаттар); 2) көшеде (бірінші кезекте көліктік, дегенмен көлікпен байланысты емес; де); 3) мектептегі; 4) спорттық; 5) басқалар.

Тұрмыстық жарақат – ең көп таралған және оның себептері көп жағдайда – ата-аналардың ұқыпсыздығынан болады, баланы қараусыз қалдырып қана қоймай, сонымен бірге балаға қауіпті жерде қалдырады, терезе жаппайды. Балалар жарақатының басқа жүктемесі де бар – ол жас ерекшелігіне байланысты. Әр жастағы балада – өзінің даму және құлық ерекшелігі болады, ол жарақаттың анағұрлым таралған типіне жатады.

Балалар жарақатының алдын алу.

Жиі жарақат алу – соғып алудың нәтижесі. Балаға кездейсоқ картина құлауы, ол нашар ілінсе; гүл құтысы, егер ол сөреге дұрыс қойылмаса; ілгіш, егер

бала ойнап жүргенде, киім ілініп тұрған ілгішке тығылған кезде құлауы мүмкін. Өткеншектен құлап та қатты жарақат алуға болады. Кәдімгі заттардан жарақат алу жиі болатын жағдай. Қайшымен, қарындаш немесе бояумен жұмыс кезінде жарақат алу... Балалар ұсақ заттарды жиі мұрнына, құлағына тығып, жұтып қояды. Қыз балалардың құлағында өте ұзын сырға болғандықтан, киімдерін киініп, шешіну кезінде жарақат алуы мүмкін.

Әрине, балалар жарақатын мүлде болдырмау мүмкін емес, жазатайым жағдайдан ешкім сақтана алмайды. Бірақ ата-аналардың міндеті – өз баласын барынша қауіптен сақтағаны жөн. Көп жағдайда жарақат ата-аналардың кінәсінен болады.

Балалар жарақатының алдын алу тәсілі баланың жасына байланысты. Әрине, баланы тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн қарап отыру қиын, бірақ бала кіші болған сайын, оны көзден таса етпеу де маңызды. Үйде – үшкір, өткір заттардан, сіріңке, жылыту құралдары, химикаттарды (тазалайтын құралдар, бояу, лак т.б.) жасыру. Розеткаларды арнайы бітегішпен жабады. Терезелерді (тым болмағанда оларды берік тормен қамтамасыз ету керек) жауып қою қажет, баланы пешке және басқа да қауіпті тұрмыстық техникаларға жіберуге болмайды. Сонымен бірге, бұл жаста

баланы өз бетімен қауіптілік дәрежесін анықтай алуға үйрету қажет. Оған, үтік және сіріңкемен күйіп қалатынын, пышақпен – кесіп, ал ыстықты – құйып алатынын айту қажет. Бұл жаста балалар барлық нәрсені қабылдай алады. Сондықтан, қауіп туралы ол сіздің тәжірибеңізден емес, сіздің сөздеріңізден естисін. Тек, баланы қорқытпай, ақырындап

байыппен айту керек.

Бала есейген сайын, қауіпсіздік техникасының ережелерін түсінуге маңыздылық арта түседі. Бала мектепке барғанда ата-аналар жиі балалар жарақаты үшін жауапкершілікті сынып жетекшісіне, дене шынықтыру және еңбек мұғалімдеріне арта салады. Иә, сабақ кезінде мұғалімдер бала үшін жауапты болады, бірақ ата-аналар өз баласына жол жүру және басқа қауіпсіздік ережелерін түсіндіруі тиіс. Мұғалім бүкіл сыныпқа жауап береді, 40 балаға қарау да оңай емес. Сізге бар жоғы бір бала бар – ол жүретін жолға шығып кетіп немесе қандай да бір қауіпті бірдеңені жолға лақтырып жібермеуін қадағалау сізге байланысты. Балалардың денсаулығын қорғау – тәрбиешілер сияқты, ата-аналардың да маңызды міндеті.

Балалар жарақаты – маңызды мәселе, бірақ егер ата-аналар өздерінің балаларына дұрыс қараса және қауіпсіздік ережелерін үйретсе, көптеген жарақаттардың алдын алуға болады.

А.ҚАБДОЛОВА,
Алакөл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы Санитариялық-гигиеналық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің бас маманы.

Иммундау және екпеген бас тарту

Алакөл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасымен ай сайын екпеден бас тартушылар бойынша мониторинг жүргізіліп бақылауға алынған. 2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін өсу қарқынымен аудан бойынша екпеден бас тартудың 95 жағдайы тіркелген. Оның ішінде жас ерекшеліктері бойынша 1 жасқа дейін тіркелген бала саны – 88 (92,6%), 1 – 6 жас аралығындағы балалар саны – 7 (7,3%) құрап отыр. Екпеден бас тарту себептері бойынша ауданымызда жеке көзқараспен бас тартқан ата – ана саны – 35 (37%), діни көзқараспен – 31 (32,6%), вакцинаға сенбеушілік – 22(23,1 %) және бұқаралық-аппарат құралдарынан алынған жағымсыз ақпараттар себебімен – 7(7,3%) құрап отыр.

Вакцинаның пайдасы қандай?

«Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» деген мақал осы жерде орынды болар. Себебі екпе алу – аурудың алдын алу болып саналады, ал тіпті ауру жұққан кезде жеңіл өтуіне себеп болады. Вакциналар адамның иммундық жүйесіне әсер етіп, жұқпалы ауруға қарсы иммундық жүйені қалыптастырады. Топтық аурулардың алдын ала отырып, екпеден тұрақты медициналық шектеу алған адамдарға иммундық қалқан құрады және оларға жұғу қаупін азайтады. Вакцинаның тағы бір пайдасы- осы уақытқа дейін көптеген жұқпалы ауру бір жерге есе азайған немесе тіпті жер бетінен жойылып кеткен. Оның ішінде қызылша, дифтерия, көкжөтел, эпидемиялық паратит, қызамық және басқа да қауіпті аурулар мың есе төмендеді, әлемде жыл сайын миллиондаған адамның өмірін жалмайтын шешек сырқаттанушылығы толығымен жойылған. Бұл жағдайда екпенің әсерін жоққа шығару орынсыз.

Вакцинадан бас тарту неге алып келеді?

Екпемен қорғалмаған адам ауруды тез жұқтырып алады және жұқпаның таралуына әсер етеді. Топтық ауруға әкеліп соқтырады.

Екпе туралы Ата заң не дейді?

Елімізде балалардың құқығын,

денсаулығын қорғау Ата Заңмен белгіленген. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 78-бабының 1 тармақ 1 тармақшасында «денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі заманғы және тиімді көрсетілетін қызметтері мен ауруларды емдеу және денсаулықты қалпына келтіру құралдарын пайдалануға құқылы» және 85-бабының 4, 5 тармақтарында «Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты болатын жеке тұлғалар инфекциялық және паразиттік ауруларға қарсы міндетті профилактикалық екпелерді алуға міндетті және медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу тәртібін, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды» деген жолдар бар.

Екпеге қаржы қайдан бөлінеді?

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 «Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы» №612 қаулысын қабылдаған. Сол құжатқа сәйкес инфекциялық және паразиттік ауруларға қарсы профилактикалық егулер республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі. Екпелердің едеуір бөлігіне мемлекет тарапынан қаражат бөлінеді. Жергілікті бюджет «А» вирусты гепатиті, тұмау, күйдіргі, туляремияға қарсы егулерді қаржыландырады. |

Жалпы қолданылатын вакциналар тиімді және қауіпсіз бе?

Балаларды сапасына кепілдік берілген вакциналармен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанда тұрғындарды иммундауға Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өткен вакциналар қолданылады. Сонымен қатар балаларды кепілденген сапалы вакцинамен қамтамасыз ету мақсатында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен сертифицикатталған вакциналар сатылып алынады.

Құрметті ата – аналар! Бүгінгі күні медицинаның дамыған кезеңінде жұқпалы аурулардың алдын алудың ең тиімді жолы - вакцинация. Балаңыздың қауіпсіздігі мен денсаулығы Сіздің қолыңызда! Балаңыздың денсаулығының пайдасына таңдау жасаңыз және балаңыз егілмей ауырып қалса балабақшадағы, мектептегі басқа балаларға қауіп тудыратынын ұмытпаңыздар!

Иммундау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда мына байланыс жүйелеріне хабарласуларыңызға болады: Алакөл аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы-3-44-18, Үшарал қаласы, аудандық орталық ауруханасы-2-12-21, Қабанбай ауылдық бөлімшесі 4-32-03.

Г.АБИКЕНОВА,
Алакөл аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының м.а.

Туберкулезден сақ болыңыздар

Туберкулез – ауа арқылы сөйлесу, түшкіру, жөтелу кезінде таралатын инфекциялы ауру. Инфекцияны таратушы негізгі кез – туберкулез таяқшасын бөліп шығаратын ауру адам.

Егер жанұяда туберкулезбен ауыратын адам пайда болса, онда оны 2-3 айға стационарға жатқызып, ал жанұя мүшелерін және жақындарын туберкулезге тексерген жөн. Ауру адам стационардағы емделу курсы аяқталған соң, амбулаторлы емделуге шығарылады. Бұл уақытта ауруға жеке бөлме берген жөн. Бөлмеде күніне 2 рет хлорамин, хлорлы әк сияқты дезинфекциялау құралдары қосылған ерітіндімен ылғалды жинау жұмыстарын жүргізу қажет. Бөлменің ауасын күніне 3-5 тазартып отыру керек. Ауру адамға жеке бет орамал, қол орамал, төсек-орын тысын және т.б. бөліп беру керек. Ауру адам дәрігер жазып берген дәрілерді уақытылы ішіп тұруы керек, жанұя мүшелері бұны бақылау-

да ұстағандары жөн. Аурудың күніне 4-5 рет сүтті, етті тағамдармен немесе жеміс-жидектермен ауқаттанғаны жөн. Алкоголь мен шылым шегуге болмайды.

Туберкулез қандай ауру?

Туберкулез - жұқпалы ауру. Ең жиі кездесетін түрі-өкпе туберкулезі. Көп жағдайда сырқат белгісі науқас адамға білінбей басталады да, тек қана Манту реакциясын қойғанда, қақырықты «Кох таяқшасына» тексергенде немесе флюорографиялық байқаудан өткенде табылады. Туберкулезден сақтану ережелерін бұзуға болмайды. Яғни, дұрыс тамақтанып, жеке бас гигиенасын сақтап, дене шынықтыру және спортпен айналысып, таза ауада серуендеп, уақытылы екпелерді алып тұру керек. Бұл инфекцияға тек дені сау ағза ғана төтеп бере алады.

А.ТАУЖАНОВА,
Алакөл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы.



Қант диабеті – ерекше өмір салты!

2016 жылдан бастап «Нұр-Авиценум» медициналық орталығы негізінде облыстағы алғашқы мамандандырылған стационар - қант диабеті орталығы жұмыс істейді. Ең алдымен, орталықтың қызметі аурудың пайда болу себептерін азайту мақсатында профилактикалық жұмыстарға бағытталған.

Орталықта алғаш рет бірінші және екінші типтегі қант диабетін емдеуге мультидисциплинарлық тәсіл іске асырылуда. Клиника жағдайында пациенттер 69 елінің жетекші профессорларының кеңесін ала алады.

Орталық мамандарының айтуынша, қазіргі уақытта қант диабеті пациенттерден қалыпты өмір сүру, жұмыс істеу және спортпен шұғылдану мүмкіндігіне кедергі болатын дерт емес. Диета, инсулин терапиясының заманауи мүмкіндіктерін ескерсек, қант диабеті бар науқастың өмірі қалыпты өмірден еш айырмашылығы жоқ.

Облыстық диабет орталығында дәрігер жолдамасы бойынша емдеу тегін екенін атап өткен жөн. Орталықтың барлық қызметтері азаматтар үшін тегін медициналық көмектік кепілдік көлемі аясында және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

шеңберінде қолжетімді. Орталықта бір уақытта 25 адамға дейін ем ала алады.

МӘМС аясында жоспарлы профилактикалық ем қабылдап жатқан пациенттердің бірі Ақсу ауданы Матай ауылының тұрғыны Гүлнара Көшкенбаева:

- Мен Ақсу ауданы Матай ауылында тұрамын. Бірнеше жылдан бері қант диабетімен ауруханада есепте тұрмын. Әр алты ай сайын жоспарлы түрде портал арқылы «Нұр-Авиценум» клиникасының диабет орталығында профилактикалық емдеуге жолдама аламын. Бір апта ішінде дәрігерлердің бақылауымен барлық қажетті емді аламын, соның арқасында қандағы глюкоза 12-13 микромольден 5-4 микромольге дейін төмендейді, - дейді науқас.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.



Как не стать жертвой мошенников

В Казахстане растет число преступлений, связанных с мошенничеством. За десять лет их число выросло в 2,5 раза. Ущерб от действий преступников в прошлом году составил 242,7 млрд тенге. Из них почти 30 млрд тенге, это прямые потери физических лиц, остальные деньги потери государства и юридических лиц. Только за 10 месяцев прошлых лет в производстве органов следствия было 40,5 тыс. преступлений, квалифицированных по статье «мошенничество», а сумма ущерба составила 38 млрд тенге.

Вот несколько важных правил, которые помогут не только обезопасить себя от финансовых потерь, но и уберегут от возможного уголовного преследования.

Телефонное мошенничество с использованием документов жертвы

Вам предлагают оформить на себя кредит. Ни в коем случае не соглашайтесь.

Даже если это родственники, друзья или знакомые. Тем более если кредит предлагают взять за вознаграждение. Наверняка, такая услуга окажется для вас фатальной — вы не только окажетесь должны банку или микрофинансовой организации, испортите свою кредитную историю, но легко можете стать соучастником мошеннических действий и получить в биографии судимость. Кредитное учреждение найдет способ забрать свои деньги, а вы останетесь с долгами и испорченной репутацией.

Своевременно обращайтесь в соответствующие органы для замены утерянных документов.

Мошенники находят похо-

жего человека по фото и с его помощью оформляют кредит. Не передавайте свои документы третьим лицам. Завладевшие вашими данными злоумышленники оформляют кредиты в магазинах по продаже техники или онлайн в микро-финансовых организациях. Оспорить их действия можно, но это займет много времени и сил.

Вам звонит человек, представляющийся сотрудником банка. Под предлогом поступившего сигнала о несанкционированной операции по карте просит сообщить реквизиты карты, а также SMS-коды. В создаваемой стрессовой ситуации, телефонные мошенники ведут себя достаточно убедительно, не оставляя времени потенциальной жертве для анализа происходящего разговора. Номера телефонов мошенники обычно получают из открытых источников — собирают в социальных сетях, находят в объявлениях.

В таких случаях важно

Ни при каких обстоятельствах никому и никогда не сообщайте код из SMS-сообщения, он необходим только для осуществления платежей и переводов

Банк никогда не будет звонить вам первым, запомните это!

Хорошо продумайте, прежде чем размещать свой номер телефона на общедоступном сайте или в социальных сетях

Входящий номер телефона может совпадать с банковским, это может быть замаскированный звонок с помощью IP-телефонии из-за границы

Обращайте внимание на говор собеседника, чаще всего мошенники работают с территории Восточной Европы.

В случае любых подозрений и сомнений прервите разговор и сами перезвоните в банк,

из которого якобы поступил звонок по указанному на его официальном сайте телефону.

Звонивший может представиться сотрудником полиции или других силовых структур и запросить ваши персональные данные, в том числе банковские реквизиты. Они могут даже угрожать различными санкциями и уголовным делом, например, «за разглашение тайны следствия». Положите

трубку, перезвоните в банк и уведомите их о попытке совершения против вас мошеннических действий

Так же мошенники могут позвонить под видом банковского робота (используя специальные программы). Роботы банков никогда не звонят первыми и не запрашивают конфиденциальную информацию. Немедленно прекратите разговор и сообщите об этом звонке в банк.

По вашему объявлению о продаже квартиры, автомобиля, мебели и другого имущества звонит мошенник и сообщает, что готов внести предоплату на карточку, для чего просит реквизиты карты. После, якобы для подтверждения перевода мошенник также просит код из SMS-сообщения, поступившего на мобильный телефон продавца. Также существует другой вариант, когда мошенник размещает слишком выгодное приложение о продаже какого-то товара. После вашего звонка ему сообщает, что нужна предоплата для бронирования заказа. Получив деньги, мошенник пропадает. Никогда не сообщайте потенциальному покупателю все реквизиты платежной карты, для перевода достаточно 16-значного номера. Если вам делают невероятно выгодное предложение, будьте особо внимательны — вероятней всего это уловка мошенников.

Никому не сообщайте 3-значный код на обратной стороне карты. Не храните PIN-код рядом с картой. Если вы потеряли карту, заблокируйте ее.

Интернет-мошенничество

Фишинг — вид интернет-мошенничества, направленный на кражу данных, непосредственно у пользователя, используя его невнимательность. Как это может

произойти.

Злоумышленники используют клон интернет-магазина или интернет-банкинга. Сайт может быть воссоздан очень точно, однако его адрес в адресной строке будет несколько отличаться — будут присутствовать лишние буквы. Также на сайте будет отсутствовать сертификат безопасности, о котором свидетельствует ссылка, начи-

нающаяся с https. Всегда проверяйте адресную строку и при первых сомнениях не проводите никаких операций на данных сайтах. Страница оплаты должна начинаться с «https», это означает, что ресурс имеет защищенное соединение.

Преступники создают фальшивые аккаунты в социальных сетях и мессенджерах. Действует схема подобная созданию сайта-клона. Клиент ищет службу поддержки банка в социальных сетях для решения какой-то проблемы и попадет к мошенникам, которые также пытаются узнать реквизиты карты. Общайтесь с банком или другой кредитной организации только по официальным каналам, указанным на сайте финансового учреждения.

Электронная рассылка писем. На электронную почту приходит письмо якобы от банка с какой-то убедительной просьбой. К примеру, подтвердить реквизиты платежной карты. Не открывайте вложения электронной почты от незнакомых отправителей. Ни в коем случае не переходите по ссылкам в таком письме и не отправляйте в ответ свои персональные данные и данные своих счетов.

В социальных сетях от имени банка проводят фальшивые опросы, которые обещают крупное вознаграждение за ответы. Для получения оплаты на карту, необходимо предоставить ее реквизиты. В случае розыгрыша, жертве сообщают о победе, а для выплаты приза необходимо сообщить реквизиты карты. Не сообщайте данные своих карт организаторам розыгрыша. Убедитесь, что страница банка верифицирована соответствующим значком администрацией социальной сети.

Кардинг — это вид мошенничества, при котором злоумышленники, заполучив обманным путем ваши конфиденциальные данные, снимают деньги со счетов без вашего ведома.

Один из способов, который используют мошенники для получения доступа к данным карты, — это взлом серверов интернет-магазина, платежных и расчетных систем. С помощью программ удаленного доступа и различного вредоносного ПО (программного обеспечения) хакеры могут завладеть важной персональной информацией о вас и данными вашей платежной карты.

Как не стать жертвой кардинга?

Используйте антивирусные программы, полученные с официальных источников, которым можно доверять. Чтобы украсть номер вашей банковской карты с помощью вирусного программного обеспечения, мошенники будут использовать различные варианты: скидывать фишинговые ссылки на ваш электронный адрес, присылать SMS-сообщения.

Публичные Wi-Fi сети в таких местах, как аэропорты, отели и рестораны не могут обеспечить достаточный уровень безопасности. Старайтесь избегать их использования.

Своевременно обновляйте программное обеспечение устройства. Обновления повышают уровень его защищенности от взлома.

Чаще меняйте пароли, используйте сложные пароли с разными символами и цифрами. Не используйте один пароль для разных сайтов и приложений. Чем быстрее вы обнаружите взлом, тем выше шанс оперативно отреагировать и снизить негативные последствия мошеннической атаки.

Не переходите по подозрительным ссылкам и не загружайте прикрепленные файлы от неизвестных источников. Вирус может находиться в архиве формата ZIP.

Ш. ЕЛДАРОВА.

Орман – біздің байлығымыз!



Мемлекетіміздің баға жетпес мен техника дамып, заман байлығы – табиғаты. Оны жаңарған сайын орманға деген қорғау – парыз. Табиғат ресурстарын сақтау, көбейту және ұтымды пайдалану – орман шаруашылығы қызметкерлерінің негізгі міндеті. Орманды өрттен қорғау – күн тәртібінен түспейтін мәселенің бірі.

Орман шаруашылығы жұмысында өртті болжау, алдын алу, анықтау, от ошақтарын оқшаулау және жою жұмыстары бір жүйеге келтірілген. Жасыл желек жамылған орманды қорғау, көздің қарашығындай сақтау, орынсыз оталып, ортаймауына мүдделі болу адамзат баласы үшін ортақ парыз саналатыны да ықылым заманнан қалыптасқан дәстүр екеніне дау жоқ. Ал, ғылым

қарашығындай сақтаудағы орманшылардың еңбектерін ерекшелеп айтқан орынды. Ағаш, әсіресе атмосфералық, ластаушы бір бөлігін түрлендіру мүмкіндігі болып табылады. Бұл сипаттар ең дәрежесі қылқан жапырақта, қайың және үйеңкі ағашта бар. Олар саябақтар мен тоғайлар түрінде ормандарды молықтыруды жүзеге асырылады. Біз осы байлығымызды ұқыпты және ұтымды пайдалану керекпіз.

Орманды қорғауға және ұқыптылықты талап етуге мынадай функциялар жүзеге асырылады:

- рұқсатсыз кесу орман екпелерін қорғау;
- зиянкестерден алдын алу және қорғау;
- өрт қаупін азайту мақсатында өлі ағаш уақтылы жою;
- өрт қауіпсіздігі;
- жылғы төнген жануарлар дүниесін қорғау;
- ормандарды молықтыру үшін жаңа көшеттер отырғызу.

А.ТУНГУШБАЕВ,
Кабанбай
орманшылығының
орманшысы.

Бескөл ауылдық округі әкімінің тұрғындармен кездесуінің КЕСТЕСІ

Округ	Қараша			
Бескөл ауылдық округі	01.11 сәрсенбі	02.11 бейсембі	03.11 жұма	08.11 сәрсенбі
	сағ. 10.00 Қаратұма ауылы, сағ. 15.00 Бұлақты ауылы, Бұлақты орта мектебінде Кездесу соңынан азаматтарды қабылдау	сағ. 10.00 Разъезд №13, сағ. 11.00 Разъезд №5, сағ. 12.00 Разъезд Сайқан. Теміржол мекемесі Кездесу соңынан азаматтарды қабылдау	сағ. 15.00 Бескөл ауылы, Теміржол мекемесі Кездесу соңынан азаматтарды қабылдау	сағ. 10:00 Бескөл ауылы Мәдениет үйі Азаматтар қабылдау 11.00

ГРАФИК

регулярных встреч акима Бескольского сельского округа с населением

Округ	Ноябрь			
Бескольский сельский округ	01.11 среда	02.11 четверг	03.11 пятница	08.11 среда
	а. Каратұма 10.00 ч. а. Булақты, СШ Булақты, 15.00 ч. Прием граждан	Разъезд №13, 10.00 ч. Разъезд №5, 11.00 ч. Разъезд Сайқан, 12.00 ч. ЖД учреждения Прием граждан	с.Бесколь ЖД учреждения, 15.00 ч. Прием граждан	в10:00 ч Дом культуры а. Бесколь Прием граждан 11.00

Поздравляем!

Журналистика - его судьба. Иначе и не скажешь о человеке, всецело посвятившего себя журналистике - этой самой интересной профессии на земле. Неумного, экспрессивного и эмоционального Василия Ивановича Воробьева знают не только как собкора областной газеты в районах и области, он известен широкому кругу читателей, ибо печатался он, практически, во всех газетах и журналах республики.



«У меня одна запись в трудовой книжке», - не без гордости говорит Василий Иванович. А начинал нынешний корифей печатного слова младшим литсотрудником районной газеты «Жаңа өмір»-«Новая жизнь» в далеком 79-ом, прошел все ступени служебной иерархии: младший литсотрудник, старший, заведующий отделом сельского хозяйства, заместитель редактора, в течение трех месяцев был и.о. редактора. До той поры, когда решением бюро обкома партии не был переведен в талдыкурганскую газету «Заря коммунизма» собкором по Алакульскому району 1 августа 1990 года.

В связи с объединением двух областей был переведен собкором в газету «Огни Алатау», ныне «Вестник Жетісу» в которой трудится в настоящее время.

Коммуникабельный, сведущий почти во всех вопросах, имеющий собственные позиции и мнение, его интересные личностные взгляды на отдельные ситуации всегда притягивают собеседника, разговор с ним бывает невероятно интересен. А это неудивительно, ведь 45 лет трудиться на поприще пера и слова - накладывают свой отпечаток, вырабатывают навыки и умение.

Награды - четыре медали: 10, 20, 25 и 30 лет Независимости РК, нагрудный знак Почетный журналист Казахстана, с прошлого года «Почетный гражданин Алакольского района», а Почетных грамот и дипломов районного, областного и республиканского масштаба не пересчитать.

Поздравляем Василия Ивановича с наступающим 8 ноября - 65 - летием! Желаем крепкого здоровья, творческих успехов, неиссякаемых сил и энергии!

Редакция газеты «Алақөл».

Құттықтаймыз!

Құрметті Қабанбаев Болат Әмірханұлы – сізді 10 қараша күні толатын жаңа жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Қызмет деген бір белестен өтіп, құрметті демалыс деген кезеңге жеттіңіз! Қуанышыңыз ұзағынан болсын! Осы қуанышты күні Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын тілейміз. Ағайын-туыстың құрметіне, қосағыңыздың үлдесі мен бүлдесіне, немере мен шөберелердің шу-күлкісіне, ұл-қыздарыңыздың жеңісті шақтарын көрген шаттықтың бақытты сәттеріне бөленген әдемі ғұмыр кешіңіз! Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын!



Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!

Зейнет жасқа жетіп кепсіз зымырап,
Бірақ қимыл әлі жастай шымыр-ақ.
Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі
Күндеріңіз мұң салмасын қырындап.

Ізгі ниетпен: Алақөл компаниялар бірлестігі.

Объявление

У нотариуса нотариального округа области Жетісу Куанышевой Назгуль Куанышевны, в производстве находится наследственное дело в отношении Жаксылыкова Саната Арменовича, умершего 02.05. 2023 года, дата рождения: 1.01.1956 г., зарегистрированного в г. Ушарал, ул. Конаева, дом 14, Алакольского района, области Жетісу. В связи с чем прошу обратиться его наследников по адресу: город Ушарал, ул. Кабанбай батыра, дом 112 А, Алакольский район, область Жетісу, моб. 87015445574.

Меншік иесі:
«Алақөл айнасы» ЖШС-і.

Құрылтайшы:
Ғалым АЗАТҰЛЫ

Директор - Ғалым Азатұлы
Бас редактор - Алмат ЕСЕНБЕКОВ.

Телефондар:

Директор: 3-52-63

Бас редактор: 3-52-68

Бас редактордың орынбасары: 3-51-74

E-mail: alakred@mail.ru

Сайт: alakol-aynasy.kz

Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады

Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ34VPY00044522 куәлігі берілген.

Ушарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129.
ИНДЕКС: 040200.

Осы шығарылымның таралымы 3622

Газет «Алақөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады.
Инд.: 040200. Ушарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.